



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz



СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия – АҚШ» саммитіне қатысты. Қазақстан Президенті алдымен Ақ үйде тарихи кездесу ұйымдастырғаны үшін АҚШ Президентіне алғыс айтып, C5+1 форматындағы саммит шын мәнінде Орталық Азия мен Құрама Штаттар арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашқанына назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Трамптың халықаралық саясаттағы рөліне айрықша тоқталып, оны көрнекті мемлекет қайраткері деп бағалады.

— Сіз жүргізіп отырған парасатты және батыл саясатты бүкіл әлем қолдауға лайық деп санаймын. Мен де Сіздің ұстанымдарыңызды қуаттаймын. Сіздің жетекшілігіңізбен Америка алтын дәуірге қадам басты. Біз «Американы қайтадан ұлы елге айналдыру» (Making America Great

Again) деп аталатын көреген тұжырымдамаңызды жоғары бағалаймыз. Бұл мақсат «Заң және тәртіп» қағидатына негізделген Әділетті, Қуатты Қазақстан құруды көздейтін ауқымды стратегиямызбен үндеседі. Бітімгер Президент ретінде сегіз айдың ішінде сегіз соғыстың тоқтауына ықпал еттіңіз. Осылайша, Американың халықаралық тұрақтылыққа тірек болған рөлін айтарлықтай күшейте түстіңіз, — деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖАҢАНДЫҚ САЯСАТТАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Траппен келіссөз жүргізді. Ақ үйдегі кездесуде Мемлекет басшысы Вашингтонға сапармен келуге шақырғаны және қазақстандық делегацияға көрсеткен қонақжай көңілі үшін АҚШ Президентіне ризашылық білдірді.



Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трамптың президенттік лауазымының тарихи сипатына тоқталып, оның басшылығымен АҚШ әлемнің жетекші экономикалық, саяси және технологиялық державасы ретіндегі позициясын күшейтіп келе жатқанын атап өтті.

Мемлекет басшысының айтуынша, Америка көшбасшысы жер жүзінің қауіпсіздігін, тұрақтылығы мен өркендеуін

қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан АҚШ Президентінің бітімгерлік бастамаларын толық қолдайтынын жеткізді. Соның ішінде келешекте Орта дәлізді одан әрі дамытуға ықпал ететін «Трамптың халықаралық бейбітшілік және өркендеу жолына» (TRIPP) ерекше назар аударды.

(Жалғасы 2-бетте)

ОТАНДЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІГІ МОЛ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Вашингтонға сапары аясында халықаралық нарыққа шыққан отандық IT стартаптардың негізін қалаушылармен кездесті.

Президентке еліміздің алғашқы «сыңармүйіз» стартапы — Higgsfield AI жасанды интеллектіге негізделген кинематографиялық сапалы бейнені генерациялауға арналған платформасы, Deer Infra — машиналық оқыту модельдерін орналастыруға және іске қосуға арналған қызмет, Valinor — биотехнология саласындағы стартап, ARC Drones — автономды дрондарды әзірлеуші, сондай-ақ басқа да перспективті жобалар таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Silkroad Innovations технология хабының қызметі туралы ақпарат берілді. Ол Кремний алқабында Орталық Азия елдерінің талантты жастары мен стартаптарына қолдау көрсетеді.

Кездесуге жалпы құны 1,4 миллиард долларды құрайтын 20-дан аса стартап өкілі қатысты. Бұл ұлттық IT экожүйесінің инновациялық әлеуетін танытады.

Мемлекет басшысы жоғары технология саласындағы отандық компаниялардың жетістіктерін жоғары бағалап, алдағы үш жылда Қазақстанды толық цифрлық елге айналдыру жөніндегі стратегиялық міндеттің маңызын атап өтті.

— Президент ретінде баршанызды қолдаймын. Жұмыстарыңыз еліміздің болашағы үшін өте қажет. Цифрландыру мен HighTech мемлекетіміздің басты басымдықтарының бірі саналады. Мен бұл туралы Жолдауымда айттым, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

8 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН



(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Қазақстанның Құрама Штаттармен стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

— Қазақстан мен АҚШ арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты дамытуды ұдайы қолдап келесіз. Мен мұны

жоғары бағалаймын. Ақ үйде Президент лауазымын атқарған алғашқы кезеңде біздің қарым-қатынасымыз кеңейтілген стратегиялық серіктестік деңгейінде заңнамалық тұрғыдан бекіді. АҚШ — Қазақстанға 100 миллиард доллардан аса қаржы салған ең ірі инвесторымыз, экономикамыздың қозғаушы күші саналады. Соңғы

жылдары елдеріміз арасындағы тауар айналымы екі есе өсіп, 5 миллиард доллар межесіне жуықтады. Америкадағы уранға сұраныстың шамамен 25 пайызын қамтамасыз етіп отырмыз. Қазақстанда 600-ден астам америкалық компания бизнес жүргізеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев сапар аясында екі ел компаниялары жалпы сомасы 17 миллиард доллардан асатын келісімдер жасасқанын айтты.

Жалпы, Қазақстан мен АҚШ-тың энергетика, аса маңызды минералдар, өнеркәсіп, көлік, қаржы, жасанды интеллект, білім секілді негізгі салаларды қамтитын экономикалық әлеуеті жарты триллион доллардан асады.

Президент америкалық компанияларды елімізде инвесторлар үшін жасалған оңтайлы жағдайды пайдалануға шақырды. Тіпті, оларға өзі қолдау көрсететінін жеткізді.

ТАНЫМАЛ БАСЫЛЫМДАРҒА СҰҚБАТ БЕРДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-қа сапары барысында The Washington Post және The New York Times секілді америкалық танымал басылымдарға сұхбат берді.

Президент Қазақстан мен АҚШ арасындағы ынтымақтастыққа, Америкаға сапарының мәні мен маңызына, Дональд Трамп жүргізіп отырған саясатқа, әлемдегі геосаяси жағдайға, Украина төңірегіндегі ахуалға және басқа да мәселелерге қатысты ойымен бөлісті.

ЖАҢАНДЫҚ САЯСАТТАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ



(Басы 1-бетте)

Дональд Трамп АҚШ-тың Қазақстанмен көпжоспарлы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті дамытуға ниетті екенін растады.

Сапар аясында Қазақстан мен Құрама Штаттар арасында жалпы сомасы 17 миллиард доллардан асатын коммерциялық келісімдерге қол қойылды.

Әңгімелесу барысында екі-жақты ықпалдастықтың кең көлемдегі мәселелері жан-жақты талқыланды, өзара тиімді ынтымақтастықтың перспективті бағыттары нақтыланды. Сонымен қатар президенттер халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Ақ үйдегі кездесу барысында Қазақстан мен АҚШ президенттері Израиль Премьер-министрі Беньямин Нетаньяхумен телефон арқылы сөйлесті.

Қазақстан Республикасының Ибраһим келісімдеріне қосылуы әңгімелесудің арқауы болды.

Мемлекет басшысы Президент Трамптың Таяу Шығыста бейбіт өмір орнатуға нақты алғышарттар жасап, көпшілік күмәнмен қараса да, елеулі нәтижелерге қол жеткізгеніне назар аударды.

Ибраһим келісімдеріне қосылу арқылы Қазақстан қақтығысты еңсеруге, диалогты ілгерілетуге және БҰҰ Жарғысы негізіндегі халықаралық құқықты қолдауға үлес қосады.

Қазақстанның бұл шешімі ешбір мемлекетпен екіжақты қатынастардағы міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді. Бұл — бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуды көздеген көпжақты дипломатияның занды жалғасы әрі нақты көрінісі.

АҚШ президенті Дональд Трамп Қазақстанның Ибраһим келісімдеріне қосылу туралы шешімін жоғары бағалап, бұл қадам өзге елдерді аталған бастаманы қолдауға үндейтінін атап өтті.

— Бұл — бүкіл әлемде ынтымақтастық орнатуға айтарлықтай алға ілгерілеу. Бүгінде көптеген ел Ибраһим келісімдері арқылы бей-

бітшілік пен өркендеу жолын таңдап отыр, — деді Дональд Трамп.

Қазір сарапшылар Қазақстанның жаңа келісімдерге қосылуын жоғары бағалап жатыр. Еліміз кейінгі жылдары халықаралық сахнада белсенді әрі дербес ойыншы ретінде танылып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұстанып келе жатқан көпвекторлы, теңдестірілген сыртқы саясат — осы бағыттағы басты стратегиялық бағдар.

Мәжіліс депутаты, саясаттанушы Айдос Сарымның пікірінше, мұндай шешім Қазақстанның ұзақмерзімді ұлттық мүдделерге сай, елдің сыртқы саясатындағы стратегиялық бағытының табиғи жалғасы саналады.

— Қазақстанның «Авраам келісімдеріне» қосылуы — ұлттық мүдделерімізге толық сәйкес келетін, жан-жақты ойластырылған стратегиялық қадам. Қазақстан орта держава ретінде, көптеген интеграциялық жобалардың қатысушысы ретінде достықтың, сенім мен әріптестіктің өзіндік

шеңберлерін қалыптастырып келеді. Мұның бәрі біздің географиялық жағдайымыз бен Еуразия кеңістігіндегі жобалардан туындайтын табиғи форматтар. «Авраам келісімдеріне» қосылу арқылы біз трансатлантикалық өлшемде тағы бір сенім шеңберін құрамыз. Бұл — жай ғана механикалық қолдау немесе дипломатиялық ишара емес. Менің ойымша, біз бұл кеңістікке өз тәжірибемізбен, философиямызбен, әлеуетімізбен және түркі әлеміндегі, ШЫҰ кеңістігіндегі, сондай-ақ Таяу Шығыстағы дамыған, кей жағдайда тіпті эксклюзивті байланыстарымызбен еніп отырмыз, — деді Айдос Сарым.

Сарапшының сөзінше, қазақ дипломатиясы — Қазақстан мемлекеттік қызметінің ең тиімді әрі дамыған саланың бірі. Бұл жайт әлемнің барлық деңгейінде мойындалған, оны көптеген елдің парламент өкілдері мен әріптестеріміз де атап өтеді. Алдағы уақытта шешімдер нақты мазмұнмен толығып, дипломатия-

лық алаңда практикалық қадамдарға ұласатыны анық.

«Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтына» қарасты Қолданбалы зерттеулер орталығының директоры Дінмұхаммед Ғалидың айтуынша, Қазақстан АҚШ үшін белсенді серіктес рөлін көрсете алды.

— Қазақстан нақты жобалар арқылы әлеуетін танытып, технологиялық және инвестициялық серіктестікті нығайта алды. Бұл елдің өңірлік көшбасшылығын күшейтіп, көпвекторлы саясаттың тиімділігін арттырады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Орталық Азия елдері бірлік танытып, ортақ дамуға ұмтылуда. Еліміз тартылған инвестициялардың 60 пайызын алып, жалпы өңірлік өнімнің жартысын, ал АҚШ-пен сауданың 75 пайызын қамтамасыз етіп отыр. Экономикалық әлеует пен тұрақтылық Қазақстанды Орталық Азиядағы интеграциялық процестердің басты тірегіне айналдырды, — дейді сарапшы.



ӨҢІРЛІК КҮН ТӘРТІБІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Вашингтонға сапары аясында Мемлекеттік хатшы Марк Рубиомен, Сауда министрі Говард Латникпен, сондай-ақ АҚШ Президентінің Оңтүстік және Орталық Азиядағы арнайы өкілі Серджио Гормен кездесті.

Басқосуға қатысушылар екі-жакты және өңірлік күн тәртібінің басты аспектілері жөнінде пікір алмасты.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен АҚШ үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға, өнеркәсіп пен бизнесті қолдауға септігін тигізетін экономикалық ықпалдастық

арқылы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға орайлы мүмкіндік туғанын атап өтті. Президенттің айтуынша, еліміз АҚШ-пен түрлі деңгейде белсенді саяси байланыс орнатқан әрі сан қырлы ынтымақтастықты тереңдету бойынша конструктивті диалог жүргізуге дайын.



САЯСИ ДИАЛОГТЫ ТЕРЕҢДЕТУГЕ КЕЛІСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Конгресі Өкілдер палатасының мүшелері Джимми Панеттамен, Кэрол Миллермен, Билл Хайзенгамен және Сидни Камлагер-Давпен кездесті.

Президент АҚШ Конгресі Қазақстанмен достық байланыстарды нығайтуда маңызды рөл атқаратынын атап өтіп, парламент мүшелеріне екі ел арасындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті ілгерілетуге қосқан үлесі үшін алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Конгрестегі Джимми Панетта басқаратын «АҚШ – Қазақстан» достық тобы (кокус) қос халық арасындағы саяси диалогты тереңдетуге, экономикалық кооперация мен байланыстар аясын кеңейтуге ықпал етіп отырғанына назар аударды.

АҚШ – Қазақстанның ең ірі экономикалық серіктестерінің бірі. Құрама Штаттар еліміздің экономикасына 100 миллиард

доллардан астам инвестиция салды. Бұл – Орталық Азияға бағытталған жалпы инвестиция көлемінің 80 пайызы.

Сонымен қатар Президент конгресмендерге елімізде жүргізіліп жатқан жан-жақты саяси және экономикалық жаңғырулар жөнінде әңгімеледі.

Конгресс мүшелері Қазақстанның әлеуетіне жоғары баға беріп, екі ел арасындағы сан қырлы байланыстардың дамуына қолдау көрсететіндерін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев орайлы сәтті пайдаланып, Америка парламентінің өкілдерін екі елдің өзара тиімді ынтымақтастығын кеңейту мақсатында Қазақстанға сапарлап келуге шақырды.

ЖОБАЛАРҒА ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРДІ

Қазақстан басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Вашингтонға сапары аясында Chevron корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы Майкл Уиртті қабылдады.

Мемлекет басшысы Теңіз және Қарашығанақ кен орындарындағы мұнай мен газды игеру бойынша ауқымды жобаларды жүзеге асыруға Chevron корпорациясының қосқан үлесіне жоғары баға берді. Сондай-ақ Қазақстан тарапының шикізатты өндіру, өңдеу және тасымалдау салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастыруға дайын екенін растады.



ҚАЗАҚ-АМЕРИКА ҚАТЫНАСЫН НЫҒАЙТУҒА ҮЛЕС



Қасым-Жомарт Тоқаев Вашингтонға сапары кезінде америкалық сенатор Стив Дэйнспен кездесті.

Республикалық партиядан сайланған сенатормен кездесуде қазақ-америка қатынастарын нығайтуға парламенттік

дипломатияның қосқан үлесі талқыланды.

Мемлекет басшысы АҚШ сенаторының Қазақстанға шы-

найы тілектес екенін атап өтіп, Республика күніне орай Конгрестің ресми мәлімдеме жасағаны үшін ризашылық білдірді. Бұл – елдеріміз арасындағы бұрыннан келе жатқан стратегиялық серіктестіктің дәлелі.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Стив Дэйнс екіжақты күн тәртібінің басым бағыттары жөнінде пікір алмасып, қос халықтың игілігі үшін Қазақстан мен Америка Құрама Штаттарының стратегиялық серіктестігін нығайтуға бағытталған бірлескен жұмысты жалғастыруға дайын екендерін растады.

Кездесу соңында Президент Қазақстан мен АҚШ арасындағы байланысты нығайтуға қосқан үлесі үшін сенатор Стив Дэйнсті І дәрежелі «Достық» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдағанын жеткізді.

ӨНДІРІСТЕГІ ОРТАҚ ҰМТЫЛЫС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев John Deere компаниясының ТМД және Орталық Азия елдері бойынша президенті Чабо Лейкомен кездесті.

Қазақстан Президенті John Deere компаниясымен серіктестікті заманауи және тиімді ауыл шаруашылығы кешенін дамытуға ортақ ұмтылысты көрсететін өндірістік кооперацияның табысты үлгісі деп атады.

Мемлекет басшысы John Deere компаниясының Қазақстанның «Агромаш» зауытымен серіктестік орната отырып, агро-өнеркәсіп кешеніне арналған техника өндірісінің локализациясы туралы қабылдаған шешімін қолдады. Бұл ынтымақтастық қазірдің өзінде оң нәтиже беріп отыр.



Өндіріс іске қосылған биылғы мамыр айынан бері 290 бірліктен астам техника құрастырылған. Жыл соңына дейін тағы 100 техника шығарылады деп жоспарлануда.

Қасым-Жомарт Тоқаев сапар аясында жалпы құны 2,5 миллиард долларға бағаланған Стратегиялық серіктестік тура-

лы келісімге қол қойылғанын құптады.

Құжат бойынша «Агромаш-Холдинг KZ» АҚ 5 жыл ішінде кем дегенде 3 мың John Deere ауыл шаруашылығы техникаларын өндіруді, кемінде 3 сервис орталығын ашуды, сондай-ақ мамандарды оқыту жүйесін дамытуды қарастырады.

САЯСАТ

8 ҚАРАША 2025 | СЕНАТ

СЕНАТ

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ
НАСИХАТТАУДЫҢ
ТИІМДІ ТӘСІЛІ

Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен «Ұлттық мүдде» диалог алаңының кезекті отырысы өтті. Цифрлық технологиялар дәуірінде рухани және адамгершілік болмысты сақтап қалу үшін не істеу керек? Ұлттық құндылықтарды дәріптеу жолында жасанды интеллектінің әлеуетін қалай тиімді пайдалануға болады? Елордадағы Ұлттық музейде өткен кездесуде зиялы қауым өкілдері мен сарапшылар осы мәселелерді талқылады.

Мәулен Әшімбаев қатысушыларға ілтипат білдіріп, жаһандық цифрландыру мен жасанды интеллектті енгізудің қоғам өміріне және барлық салаға ықпалы зор екенін айтты. Бұл үдеріс әлемнің бет-бейнесін, адамдардың ойлау жүйесін, мінез-құлқын және құндылықтарын да өзгертетіні анық. Сенат Төрағасы мұндай тарихи кезеңде табан тірейтін құндылықтарды айқындап, оларды жаңа заманға бейімдеу және тың тетіктер арқылы уақыт талаптарымен үндестіру жолдарын анықтау маңызды міндет екеніне назар аударды. Сондай-ақ ол Мемлекет басшысы үнемі осы бағыттағы идеологиялық жұмысқа баса мән беріп келе жатқанын атап өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Жолдауда Қазақстанды үш жыл ішінде жаппай цифрлық елге айналдыру жөнінде нақты міндет жүктеді. Мұндай қадам ұлттық бірегейлігімізді одан әрі нығайтуға тың серпін береді. Кездесу барысында аталған бағыттар мен ұлттық құндылықтарды дәріптеуде цифрлық технологияларды қолдану мәселелері жан-жақты талқыланып, тың ұсыныстар айтылады деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Палата Спикері атап өткендей, бүгінде адамзат жаңа технологиялық дәуірге қадам басты. Былтыр бизнес жасанды интеллект саласына 250 млрд доллардан астам инвестиция құйса, биылғы көрсеткіш одан бірнеше есе жоғары. Сонымен қатар былтыр әлемдік компаниялардың 78 пайызы жасанды интеллектті қолданатынын растаған. Бұл аталған бағыттың аса жоғары қарқынмен дамып, қоғам өміріне жаппай еніп жатқанын көрсетеді. Осыған байланысты Мәулен Әшімбаев цифрлық дәуірді қауіп емес, мүмкіндік ретінде қарастырып, ұлттық және цифрлық имунитетті одан әрі нығайту маңызды екенін тілге тиек етті.

«Ұлттық құндылықтар заман көшіп, дәуірлер алмасса да, шайқалмайтын негіз, құбылмайтын бағдар болып қалуы керек. Сонымен қатар адалдық, еңбекқорлық және ортақ жауапкершілік секілді жалпыадамзат-

тық ұғымдар да айрықша мәнге ие. Осы орайда ұлттық құндылықтарымызды цифрлық кеңістікке алып шығып, заманауи тәсілдермен дәріптеген абзал. Яғни, цифрландыру — қазіргі таңда ұлттық құндылықтарды насихаттаудың тиімді тетігі. Сондықтан цифрлық дәуірді қауіп емес, мүмкіндік ретінде қарастырған жөн», — деді Мәулен Әшімбаев.

«Ұлттық мүдде» диалог алаңында сенаторлармен қатар Ұлттық музей директоры Берік Әбдіғалиұлы, Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Құлкенов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Баянғали Әлімжанов, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры Арман Жүдебаев, Жастар театрының көркемдік жетекшісі Нұрқанат Жақыпбай, IT визионер, CEO CodiPlay Данабек Қалиаждаров, Президент жанындағы КСЗИ бөлім меңгерушісі Салтанат Ермаханова, суретші Сырлыбек Бекботаев, Astana IT University «Жасанды интеллект» ғылыми-инновациялық орталығының директоры Бейбіт Әбдікенов, Сенат жанындағы Сарапшылар клубының мүшесі Жанерке Кочийигит және тағы басқа қатысушылар сөз сөйледі.

Сонымен қатар «Ұлттық мүдде» диалог алаңының отырысы аясында шығармашылық индустрия өкілдері, оның ішінде ÖzgeEpic, лингвистер, студенттер, өнертанушылар, суретшілер және басқа да түрлі сала мамандары жаңа технологиялардың көмегімен әзірлеген жобалар көпшілікке таныстырылды. Олардың қатарында визуалды және интерактивті технологиямен жабдықталған E-museum веб-порталы бар. Аталған жоба әлемнің кез келген бұрышындағы азаматтарға 3D үлгі арқылы ұлттық мәдени мұрамызды тамашалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ отырысқа қатысушылар руна жазуын оптикалық және интеллектуалдық тану арқылы оқып, талдауға, Steppe Games мобилді ойыны арқылы қазақ тілін оқытуға, «Қазақ әдебиетінің аудиокоры», Қорқыт, Оуы Resonance бастамалары арқылы ұлттық әдебиет, тарих және өнерді тануға арналған жаңа жобалармен танысты.

МӘЖІЛІС

ЦИФРЛЫҚ КОДЕКС
ЖОБАСЫ БІРІНШІ
ОҚЫЛЫМДА ҚАРАЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Бюро отырысында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Бірінші оқылымда депутаттардың бастамасымен Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауын іске асыру үшін әзірленген Цифрлық кодекс жобасы мен оған ілеспе заң жобалары қаралатын болады. Жолдауда айтылғандай, Қазақстанды таяу үш жыл ішінде жаппай цифрлық елге айналдыру — мемлекет дамуының стратегиялық міндеттерінің бірі.

Кодекс жобасы цифрлық ортадағы қатынастарды реттеуге бағытталған. Жобада цифрлық құқықтық қатынастар объектілерінің және цифрлық орта субъектілерінің түрлері айқындалып, цифрлық құжаттарды қалыптастыру, сақтау және ұсынуының негізгі қағидалары белгіленген. Бағдарламалық код түрінде ресімделген және белгілі бір шарттар туындаған кезде автоматты түрде орындалатын смарт-келісімшарттар — заңды маңызы бар келісімдерді енгізу көзделеді. Сондай-ақ жобада аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету жөніндегі ережелер бекітіледі. Қолданылу мерзімі 1-5 жыл аралығындағы цифрлық жобаларды сынақтан өткізу үшін эксперименттік құқықтық режим енгізіледі. Ілеспе түзетулер арқылы киберқауіпсіздік оқиғалары кезінде байланыс қызметтерін көрсетуді тоқтата тұру тәртібін бұзғаны үшін және мемлекеттік қызмет көрсету кезінде артық құжаттарды талап еткені үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізу көзделеді.

Бірінші оқылымда палатаға Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру бойынша «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану тура-

лы» кодекске үкіметтік түзетулерді талқылау ұсынылады. Заң жобасында жер қойнауын пайдалану саласындағы барлық бизнес-процесті цифрландыру үшін Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасын құру, геологиялық ақпаратты басқару жөніндегі Ұлттық геологиялық қызметтің функцияларын бекіту көзделді. Сонымен қатар бүкіл ел аумағы бойынша қатты пайдалы қазбаларды барлауға және өндіруге лицензия беру кезінде «алғашқы өтінім» қағидатын енгізу ұсынылады. Аукциондар негізінде берілетін учаскелер, сондай-ақ көмірсутек пен уран саласындағы ұлттық компанияларға арналған резервтелген аумақтар, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, орман және су қорларының жерлері, сондай-ақ ұлттық қорғаныс нысандары ерекше жағдай ретінде танылады.

Жалпы отырыстың күн тәртібіне бірінші оқылымда депутаттардың бастамасымен креативті индустрияларды қолдау және дамыту мәселелері туралы заң жобасы енгізілді. Құжат креативті өндірісті дамытуға, шығармашылық әлеуетті кеңейтуге, кадр даярлау, мемлекеттік қолдау және инвестициялар тарту ісінде уәкілетті органның құзыретін нақтылауға бағытталған. Заң жобасында «кәсіби суретші», «креативті индустриялар өнімі» және «креативті индустриялар субъектілерінің тізілімі» сынды жаңа ұғымдар енгізіледі.

Депутаттарға архив ісі мәселелері бойынша түзетулерді екінші оқылымда қарау, сондай-ақ Әзербайжан, Қазақстан және Өзбекстан арасындағы жасыл энергияны өндіру және беру саласындағы стратегиялық әріптестік туралы келісімді жұмысқа қабылдау ұсынылады.

БАҒДАР

8 ҚАРАША 2025 | СЕНБЕ

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ МӘН-ЖАЙЫН ТАЛҚЫЛАДЫ



Алматы қаласы әкімдігінде Мәжіліс депутаты Айдос Сарымның төрағалығымен Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның көшпелі отырысы өтті. Жиынның негізгі тақырыбы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңға түзетулер енгізуге арналды.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Отырыста мәжілісмен Айдос Сарым Мемлекет басшысының 5 қарашада «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтарын мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойғанын атап өтті. Бұл құжатта Қазақстан халқы Ассамблеясымен қатар, Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаға да маңызды орын берілген.

— Бұл — біздің Әділетті Қазақстанды құру жолында бірлесіп атқарған жұмысымыздың нәтижесі және оның мойындалуы. Алдағы уақытта да Қоғамдық палатаның қызметі алға қойылған мақсаттар мен міндеттердің орындалуына бағытталады деп ойлаймын, — деді Қоғамдық палата төрағасы.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселеге көшкен Айдос Сарым 2022 жылғы Жолдауында Президент мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару институттарының функцияларының аражігін тиімді ажырату қажеттігіне ерекше назар аударғанын еске салды. Осыған сүйене отырып, Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы әзірленді. 2023 жылы Үкімет тиісті заң жобасын енгізді, бірақ кейін кері қайтарып алды.

Жиында Парламент депутаттары бастамашы болған «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңға енгізілген жаңа түзетулер пакеті талқыланды. Құжат өзін-өзі басқару институттарын дамытуға және азаматтардың жергілікті қоғамдастықтар өміріне қатысу үрдісін күшейтуге бағытталған. Бастама авторы, Мәжіліс депутаты

Екатерина Смышляева оның негізгі ережелерін таныстырды.

— Біз жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қамту аясын кеңейтуіміз керек. Тек мәслихаттар мен басқа да институционалдық құрылымдарға назар аудару — өткеннің еншісі. Тиімді жұмыс істейтін институционалдық емес бөлімшелер бар. Сонымен қатар өзін-өзі басқару функцияларын тиімді атқаратын, бірақ түрлі себеппен жалпы жүйеге біріктірілмеген жаңа институттар да бар. Оған әдіснамалық және тұжырымдамалық тұрғыда назар аудару қажет, — деп атап өтті Мәжіліс депутаты.

Жобадан қарастырылған негізгі мәселелердің бірі — түрлі құрылымдар арасындағы байланыстардың біркелкі болмауы. Екатерина Смышляеваның айтуынша, қазіргі таңда кейбір мекемелердің ашықтық деңгейін жоғары болғанымен, кейбірі жабық күйінде қалып отыр. Сондықтан ашықтық пен жариялылықтың бірыңғай стандартын енгізу ұсынылып отыр.

Түзетулерде сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық базасын нығайту үшін салықтарды бюджет деңгейлері арасында қайта бөлу қарастырылған. Дегенмен, депутаттың пікірінше, өкілеттік беру ресурстарды берумен қатар жүруі керек, әйтпесе жергілікті деңгейде өзін-өзі басқару туралы айтудың өзі қиын.

Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков жергілікті басқару жүйесіндегі реформалар барысы мен әкімдерді сайлау туралы баяндады. Ол 2021 жылдан бері елімізде шамамен 3500 ауылдың әкімдері сайланғанын, 2023 жылы аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін тікелей

сайлау басталғанын айтты. Реформалар сайланған әкімдердің сайлау бағдарламаларын іске асырудағы жеке жауапкершілігін күшейтуге, олардың өкілеттігін кеңейтуге, ауылдық округтердің қаржылық дербестігін арттыруға және бюджет рәсімдерін жеңілдетуге бағытталған.

«Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығының директоры, Қоғамдық палата мүшесі Андрей Чеботарев жаңа түзетулер жобасына өзі бағасын берді. Құжаттың артықшылықтарына тоқтала келіп, «аумақтық өзін-өзі басқару» ұғымының енгізілуі Алматыны қоса алғанда, республикалық және аймақтық маңызы бар қалалардағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жандандыруы мүмкін екенін айтты. Жергілікті өзін-өзі басқарудағы аумақтық кеңестер қызметін бұрынғыдай стандарт ережелер емес, жеке заң арқылы реттеуді ұсынған жанаашылдықтың маңыздылығын атап өтті.

Заң жобасындағы олқылықтарға да тоқталған сарапшы қолданыстағы заңнамада «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын реттейтін ереженің жоқ екенін айтты.

— Сондай-ақ мәслихат сессияларының ашықтығын қамтамасыз ететін тетік жоқ. Иә, заңда бұл айтылған, бірақ азаматтың отырысқа қалай қатыса алатыны түсініксіз. Тіпті, қатысу тәртібі де нақты көрсетілмеген. Мәслихат депутаттары мен сайлаушылар арасындағы өзара байланыс жолы да түсініксіз. Азаматтарды қабылдау орындары бар, бірақ ашық есеп беру механизмі жоқ, — деді Андрей Чеботарев.

Қоғам қайреткері, саясаттанушы, «Халықаралық әлеуметтану және саясат институты» қоғамдық

қоры директорының орынбасары, Қоғамдық палата мүшесі Марат Шибұтов тиісті заңнаманы жетілдіру бойынша өз ұстанымын айтты. Ол заң жобасына мәслихаттардың басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы туралы жеке тарау қосуды ұсынды.

— Бұл аспект қолданыстағы заңнамада еш жерде қарастырылмаған. Мәслихаттар және Президент, Парламент, Үкімет, сондай-ақ республикалық бюджеттен қаржыландырылатын басқа да мемлекеттік органдар, көршілес әкімшілік-аумақтық бірліктер арасындағы қарым-қатынасты, әсіресе агломерацияларды қалыптастыру және жолдар мен қалааралық автобус бағыттары сияқты инфрақұрылымдық мәселелерді бірлесіп шешу тұрғысынан нақты реттеу қажет, — деді Марат Шибұтов.

Сарапшы қазіргі ортақ заңды екі бөлек құжатқа — мемлекеттік басқару туралы және жергілікті өзін-өзі басқару туралы деп бөлу мүмкіндігін қарастырған жөн деген пікір айтты.

Еуразиялық тұтынушылар одағының басшысы Светлана Романовская, Алматы қалалық мәслихатының депутаты, «Ақпараттық-ресурстық орталық» қоғамдық қорының директоры Алтынай Көбеева, саясаттанушы Данияр Әшімбаев және Қоғамдық палатаның басқа да мүшелері түзетулер жобасына қатысты өз ұсыныстары мен пікірлерін ортаға салды.

Кездесуде Алматы облысы Райымбек ауданының әкімі Дастан Құдабаев пен Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Балтабай ауылдық округінің әкімі Сәуле Әліпова жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара байланыста жұмыс істеу тәжірибелерімен бөлісті.

Жиын соңында Айдос Сарым жиында айтылған ұсыныстар мен сарапшылық пікірлер Қоғамдық палатаның қорытынды ұсынымдарына енгізілетінін, заң жобасы бойынша жұмыс тобына жіберілетінін атап өтті.

ТОМИРИС — ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ



«AMANAT» партиясының Tomiris әйелдер көшбасшылығын дамыту жобасының IV легі ұйымдастырылды. Нәзікжандылардың қоғамдағы қызметі, отбасындағы рөлі, аналық мейірімі, ер азаматпен иықтаса дамуы әрқашан өзекті. Сондай-ақ әйелдер қауымының еліміздегі саяси үдерістерге белсене қатысуы да маңызды.

Таяуда «AMANAT» партиясы ұйымдастырған Tomiris басқосуы

қоғамдық және саяси өмірде әйелдердің белсенді болуын мақсат

етеді. Соның арқасында Қазақстан әйелдері қоғамдағы өз орнын тауып, саясатта, кәсіпкерлікте, өнерде, отбасында алға озып келеді.

Қазақ қоғамында әу-бастан әйелдің орны айрықша. Халық даналығында «қыздың орны төр», «әйел бір қолымен бесікті тербесе, екінші қолымен әлемді тербейді» деп текке айтылмаған. Көнеден бастау алатын дүниетаным бүгінгі замануи қоғаммен үйлесім тапқан. Сақ патшалығын қорғаған Тұмар патшайым, айналасына аналық мейірімін шашқан Домалак ана, берісі Екінші дүниежүзілік соғыста көзсіз ерлік көрсеткен Әлия мен Мәншүк, Хиуаз Доспанова апарларымыздың істеген ісі, ерлігі көпке мәлім, есімдері тарихта алтын әріппен бедерленді.

Сондықтан Tomiris секілді жобалардың ел үшін мән-маңызы жоғары болмақ. Осы тұста отбасы құндылығы, әйел адамының белсенділігі, қоғамдық қызметі турасында Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақтың ойын білдік.

— «AMANAT» партиясының Tomiris әйелдер көшбасшылығын дамыту жобасының IV легіне

ұласты. Өзім осы жобаға 2023 жылдан қатынасамын. Бұл жобаға іріктеу нәтижесінде 40 адам өтеді. Осындай игі бастамалардың арқасында әйелдердің әлеуеті жоғарылап келеді. Биылғы ерекшелік 60 адамға көбейді. Бітіруші білімгерлер қатарынан да нәзікжандылар алынды. Бұл егер қыз-келіншектердің саяси қызығушылығы, дағдысы болса, соны жүйелеп, арнаға салып қойып береді. Соның арқасында мансаптық саты қалыптастып, қоғамдық белсенділік артады, — деді мәжілісмен.

Осының бәрі Қазақстанда гендрлік теңдік аса мән берілетінін көрсетеді. Кейінгі жылдары әйелдердің қоғамдағы белсенділігі, еңбекке араласуы, отбасы, ошақ қасында қалып қоймауы назардан тыс қалған емес. Сол себепті әйелдер қоғам өмірімен қатар, бала тәрбиесін де назардан тыс қалдырмауы керек екенін Батыс Қазақстан облысының Киім дизайнерлер қауымдастығы төрайымы Әсем Сыримова айтты.

— «AMANAT» партиясы қоғамдағы белсенді әйелдерді үнемі қолдайды. Соның арқасында әр кәсіп-

кер, әр белсенді өзінің орнын тауып, біліктілігін жетілдіріп келеді. Әрбір іске белсенділік таныту үшін адамға білім керек. Біздер білімді осындай басқосуларда тәжірибе алмасу арқасында қол жеткіземіз. Өзі дамып, белсенділігі артқан, көсіп игеріп, өзін жетілдірген әйел отбасында бірге алып жүре алады, — деді белсенді.

Айта кетейік, жоба «AMANAT» партиясының Әйелдер қанаты мен Саяси менеджмент академиясының ұйымдастыруымен, Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия және Конрад Аленауэр қорының қолдауымен жүзеге асты. Биыл жоба дәріс алып, тәжірибесі артқандардың саны 172 адамды құрады. Tomiris — елдегі көшбасшылыққа үйрететін бірегей бастама. Мақсаты — тек саяси-қоғамдық белсенділік емес, отбасы құндылығы, ұлттық салт-сананы да дәріптеу. Сонда ғана төрт аяғын тең басқан, үйлесімді платформа қоғамда өз нәтижесін беретін көрінеді.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

8 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ

Мәжілісте жер қойнауын пайдалану мен мұнай-газ саласын дамытуға қатысты жаңа заң жобасы талқыланды. Құжат инвесторларға жеңілдік беріп, барлау жұмыстарын жандандыруға бағытталған. Бірақ депутаттар арасында жер қойнауы қоры жөніндегі мемлекеттік комиссияның рөліне қатысты қызу пікірталас туды. Осы мәселе мен заң жобасының өзге де тұстарын бізге Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Еділ Жаңбыршин түсіндіріп берді.



Еділ ЖАҢБЫРШИН,
Мәжіліс депутаты,
«АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі:

ҚАЗБА ҚОРЫН ЕСЕПТЕУ ІСІ МЕМЛЕКЕТ БАҚЫЛАУЫНДА ҚАЛУҒА ТИІС

— Мәжілісте талқыланды заң жобасы жер қойнауын пайдаланушыларға неңдей мүмкіндіктер береді?

— Бұл заң жобасын екінші оқылымға дайындау кезінде депутаттар жай ғана үстірт қарап қойған жоқ, олар бұл мәселеге терең үңілді. Әр министрлік пен ұлттық компаниялардың басшыларын, сонымен қатар бизнес өкілдерін шақырып, бәрі бірігіп отырып, кен өндіру саласындағы өзекті мәселелерді егжей-тегжейлі талқылады. Әңгіме тек заң өзгерістері жайлы емес, жалпы еліміздің минералдық-шикізат базасын қалай ұлғайтуға болатыны, геологиялық барлау жұмыстарын қалай жандандыру керектігі жайлы да қозғалды. Әсіресе, бұрын аз зерттелген, бірақ болашағы зор деп саналатын аймақтарға ерекше назар аударылды.

Депутаттар осы бағытта бірқатар заңнамалық өзгерістерді қарап қолдады. Мысалы, қазіргі бар кен орындарының аумағында қосымша барлау жұмыстарын ынталандыру мақсатында келісімшарттық аумақтардың көлемін өзгертпей-ақ,

қосымша қор табу мүмкіндігі көбейеді. Сонымен қатар мемлекет үшін де үлкен пайда бар жаңа геологиялық ақпарат пайда болады, яғни жер қойнауы туралы біліміміз кеңейеді. Нәтижесінде, жаңа кен орындарын табу ықтималдығы артып, ел экономикасы да дамиды.

Қысқасы, депутаттар мен министрліктердің бірлескен жұмысы жер қойнауын барлау ісін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған маңызды қадам болды дер едім. Бұл бастама еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып қана қоймай, ұзақмерзімді инвестиция тартуға да жол ашады.

— Ал қиын өндірілетін мұнай түрлерін игеруге қандай да бір жеңілдіктер қарастырылған ба?

— Иә, бұл заң жобасындағы маңызды жаңалықтардың бірі — ауыр және тақтас мұнайын өндіруді ынталандыруға бағытталған өзгерістер. Өзіңіз білесіз, мұндай мұнай түрлерін өндіру оңай

наға бағаланып отыр. Бұл аз көрсеткіш емес, сол себепті мемлекет үшін де, инвесторлар үшін де үлкен мүмкіндік бар.

Жақында Мемлекет басшысы мұнай саласының қызметкерлерімен және ардагерлерімен кездескенде де осы тақырыпқа ерекше тоқталды. Ол мұнай мен мұнай өнімдерін өндіру, тасымалдау және қайта өңдеу процесін жетілдіру үшін таза әрі заманауи технологияларды енгізудің маңызын атап өтті. Бұл бағытта жаңа әдістерді қолдану арқылы біз өндіріс көлемін арттырып қана қоймай, экологиялық талаптарды да сақтай аламыз.

Осыған байланысты заң жобасында мұнайбергіштікті арттыруға арналған арнайы әдістерді енгізу туралы жеке норма енгізу ұсынылды. Яғни, жер қойнауын пайдаланушылар осындай жаңа технологияларды қолданса, мемлекет тарапынан белгілі бір жеңілдіктер мен ынталандыру шараларын ала алады. Сарапшылардың айтуынша, егер «Қаз-МұнайГаз» компаниясы өз кен орындарында қазіргі заманғы мұнайбергіштікті арттыру тәсілдерін кеңінен енгізсе, 2050 жылға дейін қосымша 14-тен 25 миллион тоннаға дейін мұнай өндіруге болады екен. Бұл — өте үлкен көрсеткіш.

— Салаға жаңа инвестор тарту ісі қалай болмақ? Мәселен, газ және газконденсат жобаларына арналған келісімшарттарды жеңілдету қаржы көзін кеңейтуге оң әсер ете ме?

— Еліміздегі газ қоры шектеулі екені белгілі, ал кейбір кен орындарының табатын пайдасы төмен. Сондықтан осындай жобаларға қолдау көрсету — өте өзекті мәселе деп ойлаймын. Себебі бұрын барлау кезеңінде нақты физикалық жұмыстар, мысалы, бұрғылау жүргізбеген компанияларға күрделі жоба шарттарын алу рұқсат етілмейтін. Яғни, жер қойнауын пайдаланушы бұрғылау жұмысын әлі бастамаса, ол келесі кезеңге өте алмайтын еді. Бұл кей жағдайларда инвесторлардың мүмкіндігін шектейтін. Енді жаңа өзгеріс бойынша осындай

міндеттемелерді дайындық немесе өндіру кезеңінде орындауға рұқсат беру ұсынылып отыр. Бұл өз кезегінде компанияларға икемділік береді және жобаларды тоқтатпай әрі қарай дамытуға жол ашады.

Мысал ретінде, Атырау облысындағы Шығыс Мұнайбай кен орнын айтуға болады. Ондағы жиынтық еркін газ қоры А, В, С1 + С2 санаттары бойынша шамамен 14 миллиард текше метрге бағаланған. Бұл елеулі көлем, сондықтан осындай жобаларды іске асыру үшін жағдай жасау өте маңызды.

Қысқасы, осы өзгерістер газ саласында жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Яғни, бұрын бюрократиялық талаптарға байланысты тоқтап қалған жобалар енді қайта жандана алады. Бұл әрі мемлекетке, әрі инвесторға тиімді. Өйткені, бір жағынан, жаңа кен орындары игеріледі, екінші жағынан, газ ресурстарын тиімді пайдалану мүмкіндігі артады.

— Жер қойнауы қоры жөніндегі мемлекеттік комиссия не себепті депутаттар арасында пікірталас тудырды?

— Иә, қазір қолданыстағы Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану кодексіне сәйкес, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап көмірсутек қорларын есепке алу тәртібі өзгеруге тиіс еді. Яки, бұрынғыдай Геология комитеті жанындағы жер қойнауы қоры жөніндегі мемлекеттік комиссия сараптама жасамай, есеп тек жер қойнауын пайдаланушы тапсырыс берген тәуелсіз сарапшының қорытындысына сүйеніп жүргізілмек. Бір қарағанда бұл жүйені жеңілдеткен сияқты көрінеді, бірақ іс жүзінде оның тәуекелдері де бар.

Біз бұл норманың күшіне енуі пайдалы қазбалар қорының нақты және толық есебін жоғалтуға әкелуі мүмкін деп есептейміз. Өйткені егер тек тапсырыспен жұмыс істейтін жеке сарапшылардың қорытындысына ғана сенсек, онда мемлекеттің бақылау мүмкіндігі азаяды. Бұл өз кезегінде жер қойнауын пайдаланушылардың ресурстарды ұтымды әрі кешенді пайдалануға қағидатын бұзуына жол ашуы мүмкін.

Бұл мәселе тек мұнай мен газ саласына ғана емес, жалпы барлық қазба байлықтарға қатысты. Сондықтан депутаттар бұл жағдайды ескеріп, заң жобасына маңызды өзгеріс енгізді. Яғни, көмірсутек қорлары бойынша мемлекеттік бақылау мен сараптаманы 2030 жылға дейін сақтап қалу ұсынылды. Бұл уақыт аралығында Үкімет пен Геология комитеті жаңа талаптарға сай жұмыс істеу механизмін дайындап үлгереді деп сенеміз.

Бұл шешімді барлық тарап бірауыздан қолдады. Өйткені, мемлекетке тиесілі қазба байлықтардың есебі мен қауіпсіздігі бәріміз үшін маңызды. Сондықтан бұл өзгеріс жер қойнауын басқарудағы жауапкершілікті сақтауға және ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған нақты қадам деп айтуға болады.

Әңгімелескен
Кәмила ЕРКІН

Еліміздегі газ қоры шектеулі екені белгілі, ал кейбір кен орындарының табатын пайдасы төмен. Сондықтан осындай жобаларға қолдау көрсету — өте өзекті мәселе деп ойлаймын.

сол жерлерді тереңдетіп зерттеуге рұқсат беру ұсынылды. Яғни, егер бір компания белгілі бір аумақты игеріп жатса, енді оған сол учаскені 5000 метрге дейін тереңдетіп зерттеуге мүмкіндік берілмек. Бұрын мұндай құқықты алу үшін міндетті түрде аукцион өткізу керек-тұғын. Ал аукционда басқа компания ұтып кетсе, онда бар инфрақұрылымды пайдалану өте қиын болатын. Бір кен орнында екі түрлі компанияның қатар жұмыс істеуі, әрине көп кедергі тудырады.

Міне, осы себепті жаңа нормалар енгізу арқылы мұнай мен газ саласында жұмыс істеп жатқан компанияларға өз кен орындарын тереңдетіп барлауға заңды мүмкіндік берілмек. Бұл жаңалық инвесторлардың да қызығушылығын арттырады, себебі жаңа қабаттардан

шаруа емес. Ол үшін қымбат әрі жоғары технологиялар керек, сонымен қатар арнайы экономикалық жағдай жасалғаны маңызды. Сондықтан депутаттар осы бағыттағы жобаларды іске асыру үшін жетілдірілген үлгілік келісімшарттың талаптарын кеңейтуді ұсынды. Себебі егер қажетті қолдау болмаса, бұл жобаларды экономикалық тұрғыдан жүзеге асыру тиімсіз болып кетеді.

Үкімет те бұл бастаманы қолдап отыр. Бұл қадам алдағы уақытта Шығыс Қазақстандағы Сарыбұлақ кен орнындағы ауыр мұнай мен Қызылорда облысындағы Қарағансай кен орнындағы тақтас мұнайын өндіруге нақты мүмкіндік береді. Осы екі кен орнындағы жиынтық мұнай қоры А, В, С1 + С2 санаттары бойынша шамамен 18,7 миллион тон-

ДАМУ

Осы бір азғантай уақыт ішінде жаңадан құрылған ауданның бойына қайтадан қан жүгіріп, екінші тынысы ашылды. Аудан орталығы мен елді мекендер тұрғындарының өмір сүру сапасын арттырып, тұрмысын жақсарту жолында ауыз толтырып айтарлықтай ауқымды жұмыс атқарыла бастады.

Қазір дамудың даңғыл жолына түскен жаңа ауданның тізгінін ұстаған аудан әкімі Данияр Дүйсембаев — Катонқарағайды Тәуелсіздік жылдарынан бері басқарып келе жатқан оныншы басшы. Ауданның бүгінгі жай-күйі мен болашаққа қойылған келелі істер жайында аудан әкімінің өзімен жүздесіп, субелі сұхбат құрудың сәті түсті.

— Данияр Бекқазыұлы, Катонқарағай ауданының басшылық тізгінін ұстағаныңызға бір жылдан асты. Жаңадан құрылған өңірге басшы болу талай жауапкершілікті артады. Осы ретте ауданға әкім болып келген кезде өзіңізге қандай міндеттер жүктелді?

— Рақмет! Иә, расымен де, шығыстың киелі Катонқарағай жеріне басшы болу — маған облыс әкімі мен аудан тұрғындарынан көрсетілген жоғары мәртебе, сонымен бірге зор сенім мен жауапкершілік. Аудан әкімі боп тағайындалған соң маған осындағы халықтың әлеуметтік жағдайын арттыру, экономикалық даму қарқынын арттыру міндеті жүктелді. Ең әуелі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын басшылыққа ала отырып, жергілікті халықпен тиімді байланыс орнатуға, олардың өзекті мәселелерін шешуге ерекше назар аудардым.

— Ауданның бүгінгі әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы тоқталсаңыз.

— Осы жылдың тоғыз айындағы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық көрсеткіші бойынша былтырғы жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда, әлдеқайда өсім байқалып отыр. Мәселен, өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 1 млрд теңгеге жуықтады немесе өсім 164,5 пайызды көрсетті. Өңдеу өнеркәсібі 700 млн теңгеден асты немесе 175,5 пайызға өсті, негізгі капиталға 25 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды, былтырғы жылға қарағанда 192%-ға артқан (2024 жылы 13 млрд теңгені құрады). Оның ішінде негізгі капиталға салынған жеке инвестициялардың көлемі 2025 жылдың қантар-қыркүйегінде 24,7 млрд теңгені құрады (2024 жылы 5 млрд теңге) немесе былтырғы жылғы деңгейден 5 есе артқан. Өткен 9 айда құрылыс жұмысының көлемі де өсті, 4 088 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді немесе өсім 164 пайызды көрсетті. Жоспарланған міндеттердің бірде-біреуі назарымыздан тыс қалмай, онды атқарылып отыр деуіміз керек.

— Катонқарағай жеке дара аудан болысымен өңірде құрылыс жұмысы қарқын алды. Осы бағытта атқарылған жұмысты нақтылап өтсеңіз.

— Әуелі, Катонқарағай ауданының әкімшілік ғимараттары мен әлеуметтік нысандарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге Қазақстан Үкіметінің резервінен және облыстық бюджеттен 2 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, ауданның әкімшілік орталығы Катонқарағай ауылындағы аудан әкімдігі, полиция бөлімінің, сот, прокуратура, «Қазақтелеком», ветеринариялық зертхана ғимараттары, «Қаратай» спорт кешені күрделі жөндеу көрді.

Аудан орталығындағы көппәтерлі 3 үй қайта қалпына келтірілді. 2024 жылы Катонқарағай ауылында «Бір қабатты Шығыс» бағдарлама-

шығыстың інжу-маржаны, құтқонып, ырыс дарыған, ілгеріден өзінің бірегей тұмса табиғатымен дүйім жұртшылыққа мәлім Катонқарағайдың аудан ретінде қайта жанданғанына екі жылдың жүзі болды. Ел Президентінің Жарлығымен жүзеге асқан бұл айтулы оқиға болғанда, Төр Алтайдың баурайын жайлаған барша катонқарағайлықтар қуаныштан бөркін аспанға атты.

Данияр ДҮЙСЕМБАЕВ,
Катонқарағай ауданының әкімі:

КАТОНҚАРАҒАЙ — БЕРЕКЕЛІ МЕКЕН

сы аясында жалпы ауданы 1755 м² болатын 24 пәтерлік 12 тұрғын үй салынып, қолданысқа берілді. Биыл 12 пәтерлі 6 үйдің құрылысы аяқталды. Бұл үйлер аудан елді мекендерінде салынды.

2024 жылы Мемлекет басшысы өз Жолдауында тағы бір жаңалықты жеткізді. Ол аудан аумағындағы бұрын-соңды болмаған халықаралық әуежайдың салынуы. Бүгінде әуежайдың құрылысы қарқынды жүріп, тиісті жұмыс бір сәтке де толастаған жоқ. Келер жылы әуежай қолданысқа берілсе, еліміз бен алыс-жақын шетелден өлкемізді көруге асық қонақтарымызды көрер күн алыс емес.

Катонқарағай туристік өңір болғандықтан, Қаракөл көлі туризмді дамыту тұрғысынан үлкен әлеуетке ие, мұндағы Ақ Берел өзенінен өтер ағаш көпір 1974 жылы салынған. Катонқарағай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі «KF KT-473 Қаракөл көліне кіреберіс автожолындағы Ақ Берел өзенінен өтетін көпірді реконструкциялау» жобасы бойынша жобалық-сметалық құ-

неше жылға созылып, белгіленген жұмыс тоқтап қалған еді. Кешеннің құрылысын қолға алған мердігерлік ұйым жауапсыздық танытып, жұмысын аяқсыз қалдырды. Кейіннен қалған құрылыс жұмысын жергілікті кәсіпкерлер ALASH QURYLYS QZ мердігерлік ұйымы өз жауапкершілігіне алып, соңына дейін атқарып шықты. Жаңа спорт кешені — салауатты өмір салтын насихаттауға және бұқаралық спортты дамытуға арналған маңызды әлеуметтік нысан. Ғимарат ішінде бірнеше спорттық зал, заманауи спорттық құрал-жабдықтар, көпшілікке арналған суда жүзу жабық бассейні де бар.

Сонымен бірге Катонқарағай ауылында су құбыры желілері мен нысандарын жаңарту бойынша

ғындар санының артуына үлес қосты. Мемлекеттік қолдау шараларынан бөлек, дәрігерлер жергілікті әкімдік тарапынан тұрғын үймен қамтылды. Биылғы қазанда Шымкент қаласында өткен бос жұмыс орындары жәрмеңкесінің нәтижесінде Шымкенттен 68 отбасы, Сарыағаш ауданынан 24 отбасы ауданымызға көшіп келуге ниетті. Аудандық Мансап орталығының осы бағыттағы нәтижелі жұмысы жоғары бағаланып, биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша аймақта «Үздік Мансап орталығы» атанып, облыс басшылығы тарапынан Chevrolet Cobalt автокөлігіне ие болды.

— Халқымызда «Жол азабын жүрген біледі» деген ертеден қалған тәмсіл бар. Катонқарағай ауданында



жаттаманы әзірледі. Жобаны іске асыру құны 592 млн теңгені құрайды. Бүгінде құрылыс жұмысын бастауға облыстық бюджеттен 176 млн теңгеден астам қаржы бөлінді.

Қайта түлеген өңірдегі тұрғындардың тұрмысын жайлы, өмір сүру сапасын арттыру үшін әуелі әлеуметтік нысандар толыққанды жұмыс істеуі керек. Мәселен, Топқайың ауылында Республика күні қарсаңында ауызсу желілері қайта жаңғыртылып, тұрғындардың игілігіне берілді. Бұл нысанда жауапсыз мердігердің салдарынан бірер уақыт құрылыс жұмысы тұралап, қолданысқа берілуі мерзімінен кешуімен қалған. Аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағановтың тікелей бақылауының арқасында ауызсу нысанына тиесілі жұмыс биыл қарқын алып, сәтімен аяқталды. Нысандағы жұмысты SELUX ЖШС қолға алып, ауыл тұрғындарына елдік мереке қарсаңында айтулы сый жасады.

Катонқарағай ауылындағы денешынықтыру-сауықтыру кешені де жақында пайдалануға берілді. Бұл нысанның құрылысы да бір-

ауқымды жоба аяқталуға жақын. Жобаның жалпы құны — 4,4 млрд теңге. Су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы — 76,792 шақырым. Аудан орталығында тартылып жатқан су құбыры желілері аяқталғанда мыңнан аса тұрғын таза әрі сапалы ауызсумен қамтылады.

— Көші-қон үдерісін тұрақтандыру және тұрғындар санын арттыру бағытында қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

— Иә, бұл бағытта да нәтижелі жұмыс бар. 2025 жылы қоныс аудару бағдарламасымен еңбек күші артық өңірлерден Катонқарағай ауданына аймақтық квота шеңберінде 9 отбасы, барлығы 24 адам қоныс аударды. 50 адам өңірімізге қоныс тебуге әзір, квота күтіп отыр. Аймақ басшысының тапсырмасымен шалғайдағы аудандарға дәрігер мамандарды тарту бағдарламасы аясында Астана, Шымкент қалаларынан аудандық ауруханаға 7 маман жұмысқа келді. Хирург, терапевт, акушер-гинеколог, жалпы тәжірибелі дәрігер, көз, реаниматолог дәрігерлер аудан медицинасының әлеуеті мен тұр-

жолдардың жөндеуі бойынша қандай жұмыс атқарылды?

— «Жол мұраты — жету...» демекші, өңірлердегі барлық саланың дамуы, әсіресе сауда-саттықтың, сол арқылы экономикамыздың өркендеуі жолдарымызға да байланысты. 2025 жылы жолдарды жөндеу бойынша 6 жоба жоспарланған. Жобаларға барлығы 1,35 млрд теңге бөлінген. Атап айтқанда, аудандық маңыздағы автомобиль жолы туристік нысандарға кіреберіс және шығыстағы ең бірінші елді мекен Аршаты ауылына кіреберіс жолының 0-12,8 шақырымына асфальт төселді. Согорное — Барлық — Ақсу жолының 28-41 шақырымына, Жазаба ауылына кіреберіс жолының 0-6 шақырымына жөндеу жұмысы жалғасуда. Катонқарағай ауданының Коробиха ауылына кіреберіс автомобиль жолының 16,5 шақырымының ағымдағы жөндеуі, Жаңа-Үлгі — Жамбыл — Берел жолының 0-12 шақырымына орташа жөндеуге дайындық жұмысы жасалып жатыр. Катонқарағай ауылының көшелерін орташа жөндеуге «Ауыл —

8 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ

ел бесігі» бағдарламасы аясында 115 млн теңге бөлінді.

Республикалық маңызы бар Өскемен — Алтай — Үлкен Нарын — Катонқарағай — Рахман қайнары көлік жолының 437-450 шақырымдары орташа жөндеуден өтті. Атап айтарлығы, елімізге кеңінен танылмай «Рахман қайнары» шипажайына дейінгі жол күрделі жөндеуден өтіп, келер жылы толықтай аяқталады.

Жол жөндеу жұмысын ілгерілету үшін биыл ауданымызда жаңа асфальт-бетон зауыты ашылып, іске қосылды. Бұл зауыт сағатына 80 тонна асфальт шығарады.

Катонқарағай ауылында көше жарығын орнату жұмыстарына жалпы 30 миллион теңге қаражат бөлінді. Жалпы саны 34 қырлы тірек пен 60 қарапайым тірек орнату, сондай-ақ 78 орынға кабельдер мен шамдарды ауыстыру жоспарланған. Қазір жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілуде.

— Катонқарағай ауданы туризмнің орталығына айналып келеді. Жылдан-жылға өңірге келетін демалушылардың саны артып, туризмнің дамуына айтарлықтай ықпал етіп отыр. Осыған орай аудандағы туризмді дамыту бағытында қандай іс тындырылды?

— Катонқарағай — еліміздегі көз тартар туристік аймақтың бірі. Ауданға келетін демалушылардың саны жылдан-жылға артпаса, кеміген жоқ. Бытыр ауданымызға 150 мыңға жуық турист келді. Биыл туристік маусым басталғаннан бері туристердің саны 200 мыңға жетті. Жазда ауданымызда ауқымды халықаралық «Алтай — түркі әлемінің алтын бесігі» халықаралық фестивалі, «Алтай — алтын бесігі» республикалық ақындар айтысы, одан бөлек, жерлес жазушылар Қалихан Ысқақ пен Дидахмет Әшімханұлының мерейтойларына орай өткен шараларға 10 мыңнан аса қонақ ағылды.

Туризмді дамыту жолында биыл ауданда 4 бірдей ірі инвестициялық жоба қолға алынды. Атап айтқанда, Ақшарбақ ауылындағы «Верх-Катунь» пантымен емдеу шипажайын кеңейту, Аршаты ауылында Алтай Resort курорттық кешенінің құрылысы, Өрел ауылындағы MuzTau эко-отелі аумағында мейрамхана салу, Катонқарағай ауылында ALTAYTERRA RESORT туристік кешенінің құрылысы жүргізілді. Одан бөлек, биыл қыркүйекте Өскеменде өткен халықаралық инвестициялық форумда Altai Taihe Real Estate Development Company Ltd халықаралық компаниясымен 8 млрд теңгенің жобасына, Pana Asia компаниясымен 6 млрд теңгеге туристік қалашығын салу бойынша меморандумға қол қойылды. Аудандағы туризмнің гүлденуіне Мемлекет басшысының Катонқарағай ауданында әуежай салу туралы шешімі де үлкен серпін берді. Әуежай Астана, Алматы, Өскемен, Семей қалаларына ішкі рейстерді, сондай-ақ Алтай мен Қанас (Қытай Халық Республикасы), Баян-Өлгей (Моңғолия) бағыттарын қамтамасыз етеді. Туризмді дамытуда «Ауыл аманаты» бағдарламасы да көп септігін тигізді. Биыл «Ауыл аманаты» бағдарламасымен туризм бағытында 18 жоба мақұлданды. Бұл жобалардың жалпы құны 246,5 млн теңгені құрады.

— Данияр Бекқазыұлы, әрине, бір сұхбатта бір ауданның бар тіршілігін баян ету мүмкін емес. Әйтсе де, Катонқарағайдағы қарымды іс пен алға жоспарланған шаруаның негізгі өзегінен оқырманға олжа болар ой айтылды деп білеміз. Өңірімізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Мадияр ТӨЛЕУ

ЦИФРЛЫ ДАМУ

8 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ

Былтыр жыл басында, Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент елде өнімділігі жоғары суперкомпьютер іске қосылып жатқанын, ол тек ғалымдарға емес, түрлі компанияға қолжетімді болатынын мәлімдеді. Биыл елімізде тағы екі суперкомпьютер қатар қолданысқа енгізілмек. Олар қандай жұмыстарды атқарады? Тақырыптың жай-жапсарын білдік.

Айхан ШӘРІП

Қазақстандық «супермидың» қуаңшылық, зілзала және басқа табиғи дүлей апаттарды алдын ала болжауға, қауіпті ауруларға қарсы дәрілік препараттар мен вакциналарды әзірлеуге көмектесуге, Астана, Алатау Сити сияқты жаңа қала жобалауға қабілетті екені жарияланған. Әзірге бұл мақсаттарда шетелдік ЖИ қолданылып жатыр.

Жасанды интеллект министрі Жаслан Мәдиевтің мәлімдеуінше, Алматыдағы ғылыми суперкомпьютер, елордадағы NVIDIA H200 базасындағы ұлттық суперкомпьютерлік кластер сыртында Қазақстан АҚШ-та екі кластерді пайдалануға берді. Ал қыркүйекте «Самұрық-Қазына» тобының компаниялары үшін «Қазақтелеком» суперкомпьютері іске қосылды. Соның негізінде ұлттық әл-ауқат қорының SKAI (Samruk-Kazyna Artificial Intelligence) есімді, әйел кейіпті Директорлар кеңесінің цифрлық тәуелсіз мүшесі пайда болды. Қор SKAI-дың бірден жоғары лауазым иеленгенімен, әзірге үйренуін, оқуын жалғастырып жатқанын алға тартты.

Жуырда Астанада өткен Digital Bridge-2025 халықаралық технологиялық форумының панельдік сессиясында шетелдік мәртебелі меймандар алдында бұрынғы Цифрлық даму министрі, қазіргі «Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы Бағдат Мусин республикада суперкомпьютерлер бірінен соң бірі іске қосылып жатқанын айтты.

— Біз — Орталық Азия аймағында бір емес, бірнеше суперкомпьютері бар алғашқы мемлекетпіз! Бұлар — стартап-индустрия үшін және дәстүрлі компанияларды трансформациялау үшін үлкен көмек. Себебі ресурстарды бұлтты немесе shared форматында пайдалануға болады, — деген еді Б.Мусин.

Журналистер суперкомпьютерлердің нақты немен айналысатынын, бұларды ұстап тұруға қанша ел қаржысы жұмсалатынын, ол ресурстарға жеке сектор қалай қол жеткізе алатынын сұрастыра бастаған. IT маманы Әділбек Жарасбай мұндай ғаламат құрылғыны қолданысқа енгізудің өзі өте күрделі жұмыс екенін айтады. Ол қыруар шығынды талап етеді және мұны ешқандай отандық университет көтере алмайды. Қазақстанда суперкомпьютерді эксплуатациялау қаншаға түсетіні жария етілмейді, «жабық ақпарат». Әйткенмен, барлық елдегі сияқты бізде де оның



СУПЕРКОМПЬЮТЕРЛЕР

ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТ АТҚАРМАҚ?

шығыны негізінен электр қуатын тұтыну көлеміне байланысты болады.

Маманның мәліметі бойынша, бұл шығын жылына бірнеше миллион долларға жетеді. 1 мегаватт қуаты шамамен 1 млн долларға түсуі мүмкін. Бұған техникалық қызмет көрсету және сертификаттау, шетелден маман тарту, жергілікті персоналды жұмысқа алу, құрылғыларды салқындату, басқа шығыстары қосылады. Елордалық «супермидың» жұмыс істеуі және оны салқындату үшін қанша қуат шығындалатыны да жарияланбады, құпия көрінеді. Тек ақпарат құралдары суперкомпьютер қазірдің өзінде астаналық тұтас шағынауданға кететін электр энергиясын жалғыз өзі тұтынатынын жазды.

ҚАШАН ТОЛЫҚ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ?

Астанадағы басты «суперкомп» америкалық Uptime: Tier III институтының сертификаттауынан өтті. Бұл орталықтың деректерді өңдеу сенімділігі өте жоғары 99% екені айқындалды. Тіпті төтенше жағдай туындай қалғанның өзінде ондағы ақау тек бірнеше минутқа созылып, ізінше қалыпты жұмысына қайта оралуға тиіс.

— Ғалымдарға арналғаны емес, ең басты суперкомпьютердің есептеуіш қуаттары Астана маңындағы National Supercomputer Center-де, қолданыстағы деректерді өңдеу орталығында орналасқан. Ол Data-center «Электронды Үкіметтің» АКТ-операторы саналатын «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ға қарайды. Мемлекет басшысы биылғы шілдеде суперкомпьютердің тұсауын кесті. Алайда ол әзірге толыққанды жұмыс істеп тұрған жоқ. Әлі күнге тестілеу кезеңінен өтіп жатқаны хабарланды. Ол толық қуатына тек биылғы жыл соңына қарай шығады деп күтіледі. Одан кейін тағы қосымша сынақтардан өтуі керек. Бірақ бұл басы ғана: болашақта суперкомпьютерлерге арналған алып Дата-орталық салынбақ.

Сонда есептеуіш қуаттылықтардың үлкен көлемі орналасады, «супермидың» әлеуеті де артады, — деді сарапшы.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің түсіндіруінше, суперкомпьютер — үлкен көлемдегі мәліметтерді өңдеуді және көптеген есептеу операциясын орындауды талап ететін есептерді шешуге қабілетті, өнімділігі жоғары есептеуіш машина. Суперкомпьютер триллиондаған, кейде квадриллиондаған (15 нөлден тұратын сан) есептеу операцияларын бір мезетте орындай алады. Сондықтан оның мүмкіндігіне сұраныс экономиканың барлық секторынан табылады.

Одан ақпараттық технологиялар, қаржылық қызметтер, денсаулық сақтау, энергетика, өндіріс және өзгесі айтарлықтай пайда көре алады. Оның қуаттылығын

Бұл Президент тапсырғандай, барлық процесті автоматтандыруға, мемлекеттік, коммерциялық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді. ЖИ министрлігінің сендіруінше, суперкомпьютер жасанды зерде өнімдерін жасауда ғылыми, академиялық және коммерциялық пайдалану үшін қолжетімді болады. AI үлгілерін әзірлеуге қызмет етеді және осы саладағы есептеу ресурстарына өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыруға тиіс.

Айта кету керек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы 9 шілдеде Alemcloud Ұлттық суперкомпьютер орталығына барып, оны іске қосу рәсіміне қатысты. Бұл «суперми» NVIDIA H200 графикалық процессорлары базасында жасалған. ЖИ министрлігінің дерегінше, жаңа суперкомпьютер кластері FP8 форматында есептеу әдістемесі бойынша 2 эксафлопсқа дейінгі өнімділікті қамтамасыз ете алады. Есептеу қуаты жағынан Орталық Азия өңіріндегі ең үздігі көрінеді.

— Біз жақында Орталық Азиядағы ең ірі суперкомпьютер клас-

үлкен деректерді сақтап, өңдеуге пайдаланылмақ. Аталған кеңесте Президент бүкіл мемлекеттік және квазимемлекеттік цифрлық экожүйені осы жаңа біртұтас платформаға көшіруді тапсырды.

Сондай-ақ биыл «Alem.ai» халықаралық жасанды интеллект орталығы өз жұмысын бастады. Мемлекет басшысы «Alem.ai»-ды ЖИ-ді барынша тиімді әрі этикалық нормаларға сай қолданатын жаһандық орталыққа айналдыруды жүктеді. Оның жүгі де суперкомпьютерге артылуы мүмкін.

Ұлттық суперкомпьютер орталығы аясында MedTech, EdTech, GovTech және өнеркәсіп салаларындағы отандық IT шешімдер жүзеге асырылады. Атап айтқанда, «суперкомпта» алдымен, Астананың «цифрлық сынары» жасалады. Елордаға қатысты өзгерістерді, қала салу, сәулет, экономика, экология, әлеумет мәселелерінің шешімі сол арқылы ізделеді, жаңа шешімдер сонда сыналады.

SmartCity Astana жобасы инновациялық технологияларды енгізу арқылы қаладағы өмір сүру сапасын жақсартуды көздейді. 100 мыңнан аса бейнебақылау камерасын ЖИ басқарады. Мысалы, көшеде көлік соқтығысса, кептеліс туындаса, екі адам жанжалдасса, тіпті әлдекім көшеде түкірсе, шылым тұқылын тастаса, оның бәрін ЖИ қалт жібермейді, құзырлы органдарға жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

AlemLLM жобасы — дәлдігі жоғары қазақ тілінің үлкен тіл моделі. Жергілікті қолданысқа бейімделген. Модель балама шешімдердің арасында үздік көрсеткіштерге ие және түрлі салада кеңінен қолданысқа арналған. Baspara Hub — азаматтардың тұрғын үйге сұраныстарын онлайн түрде шешуге арналған цифрлық экожүйе. Жүйе арқылы маркетплейстен үй іздеп, сатып алуға, жылжымайтын мүлікке қатысты мемлекеттік қызметтерді алуға, жөндеу жұмыстарының немесе құрылыс материалдарының онлайн-сметасына тапсырыс беруге болады.

AI-Терапевт — дауыс арқылы енгізілген ақпарат негізінде медициналық құжаттаманы автоматты түрде әзірлейтін ЖИ жүйесі. Аталған жоба сырқаттың анамнезін қалыптастырып, ықтимал диагнозды алдын ала анықтай алады. Сондай-ақ тиісті клиникалық ұсынымдары бар медициналық есепті автоматты түрде құрасырады. Суперкомпьютердегі осы және басқа жобалар денсаулық сақтауды жақсартуға тиіс.

Президент биылғы Жолдауында Қазақстанды цифрлық мемлекет ретінде қайта құру міндетін қойды. Қ.Тоқаев бұл бастамасын «Қазақстанның келешегін айқындайтын стратегиялық тандау» деп атады. Осы мақсатта алдағы 3 жылдың ішінде Қазақстан мемлекетін цифрлық басқару форматына толық өту міндеті қойылды. Тұрмыстың барлық саласына жасанды интеллект енгізіледі. Бұл мемлекеттің азаматтармен және бизнеспен өзара қарым-қатынасын түбегейлі өзгертеді. Мұнда да суперкомпьютердің қуаты қажет болары даусыз.

Суперкомпьютер триллиондаған, кейде квадриллиондаған (15 нөлден тұратын сан) есептеу операцияларын бір мезетте орындай алады.

отандық және шетелдік ғылыми зерттеу институттары мен орталықтары қажетке жарата алады. Бұдан басқа, суперкомпьютерді іске қосу Қазақстанның көршілес елдер үшін есептеу қуаттарын жалға беріп те табыс табуына жол ашпақ.

ҚАНДАЙ ЖОБАЛАРДЫҢ ЖҮГІН АРҚАЛАЙДЫ?

Бүгінде AI платформасының архитектурасын құру, оның құрамдас бөліктерін әзірлеу, «супермиды» сынақтан өткізу және құжаттамасын дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

«ҰАТ» АҚ мемлекетке, бизнеске, ғылымға, білімге жасанды интеллект негізіндегі инновациялық шешімдерді әзірлеп енгізу үшін суперкомпьютерді ұсынады.

терін іске қостық. Енді оны іс жүзінде кәдеге жаратуымыз қажет. Бірақ мәз болып, босансуға болмайды. Тиісті жұмыс әлі алда. Есептеу ресурстары баршаға бірдей қолжетімді болуы керек. Суперкомпьютердің мүмкіндіктерін толық пайдалану қажет. Үкіметке суперкомпьютердің қуатын әділ бөлу ережесін әзірлеуді тапсырамын. Келешегі зор стартаптар мен ұлттық маңызы бар жобаларға басымдық беру керек. Шашыраңқы мемлекеттік ақпарат жүйелерін ретке келтіру жұмыстарын күшейту қажет, — деді Қ.Тоқаев ЖИ-ді дамыту мәселелері жөнінде кеңесте.

Суперкомпьютер бірінші кезекте келесі жылы «eGov» электронды Үкіметін алмастыратын «QazTech» платформасында мемлекеттік қызметтер көрсетуге,

ДАУА

8 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ



Адамға өмір бойы көзілдірікпен жүру оңай емесі анық, ал линза қолданудың күтімі мен ыңғайсыздығы шаршатпай қоймайды. Осы тұста лазерлік коррекция деген ой келе қалары даусыз. Қазір әлеуметтік желіде жарнамасы қаптаған бұл ота түрі кейінгі 10 жылда қарқынды дамыды. Дегенмен кез келген адам лазерлік түзету жасата ала ма? Жекеменшік клиникаларға қаралғанда, нені ескеру керек?

А Айсұлу СЪЕЗХАН

Біз Астанада орналасқан Oftum клиникасының офтальмолог-хирургі Алуа Талғатқызынан лазерлік коррекцияға қатысты бірқатар маңызды кеңес алдық. Аңғарғанымыз, Астананы лазерлік коррекция жасаудың отаны десек қателеспейміз, себебі бас қалада көз ауруларын емдейтін медициналық орталық өте көп, емделу бағасы да, қызмет көрсетуі де әртүрлі деңгейде.

— Адам табиғатына тән қобалжу, қорқу сезімі, әрине, болады, десек те, лазерлік коррекцияны күрделі ота деп айтудың өзі қате. Коррекция көздің қасаң қабығына жасалады, онда ешқандай ауырсыну сезімі болмайды. Пациенттер ертеңінде-ақ «Қап, неге ерте жасатпадым? Қорқатын ештеңесі жоқ екен» деп айтып жатады. Көзге диагностика жасағанда, көз түбіндегі торлы қабатын қараймыз, қандай да бір ақау, дегенерация байқалса, мұны да тігіп емдейміз, қалпына келтіреміз. Операцияда пациентке бәрін айтамыз, бірінші не істедім, көзіңізге тамшы тамыздым, көзді қозғалтпаңыз, қазір көзді ашамыз, лазер келіп орнатылады деп түсіндіріп отырамыз. Жұмыс 10-15 минутта бітеді, лазерлік түзету небәрі 24 секундта жасалады. Лазерлік коррекцияны ұсынардан бұрын тексеріп-қарайтын ерекшеліктер бар, — дейді А.Талғатқызы.

АНЫҚТАМАЙ АСЫҚПАҢЫЗ

Лазерлік түзетуді кез келген адамға жасауға болмайды. Дәрігерлер алдымен пациентті диагностикалап өткізіп, көз алмасының сыртқы қабатындағы қасаң қабықтың қалыңдығын тексереді. Көздің қасаң қабығының қалыпты жағ-

Қара Көзден Нұр Тайса...

дайдағы қалыңдығы 520-560 микрон болу керек. Мұнымен қатар дәрігер көздің алыстан көргіштігін, көз қысымын, көзілдірікпен қалай көретінін де анықтап, көз қарашығын ұлғайтып, көздің түбін, ішін тексеріп, өзге де ақау-аурулардың бар-жоғын мұқият қарайды. Егер бәрі ойдағыдай болса, ота жасауға мүмкіндігіңіз бар. Тағы бір айтарлығы, жас ерекшелігі де денсаулығыңыз үшін едәуір рөл ойнайды. Отаға ең қолайлы кезең — 18-45 жас аралығы.

Адам 25 жасқа дейін толық өсіп жетіледі, оған дейін көз алмасы да, көздегі минус та өсе береді. Сондықтан көзге бірден ота жасауға асықпаған жөн. Жыл сайын дәрігердің бақылауында болып, миопияның толық қалыптасқанына көз жеткізген абзал. Кейбір жекеменшік клиникалар клиенттен айырылып қалмай, табыс табу үшін көмелетке толған әр адамға ота жасауды ұсына береді. 40 жастан кейін де отаға жүгірмегеніңіз абзал.

— 40 жастан кейін кез келген адамға жасамаймыз, бұз кезде жас ерекшелігіне байланысты жақыннан оқуға көзілдірік тағу керек. Егер көз 100 пайыз көретін болса, 40 жастан кейін оқу-жазуға арналған көзілдірік тағуға тиіс. 40 жаста — 1 шамасы болса, оған коррекция жасаудың қажеті жоқ, себебі минус диоптрий көзілдірікті жақыннан көруге арналған көзілдірікке ауыстыруға тура келеді. Егер де миопия жоғары дәрежеде болса, жақыннан да, алыстан да көзілдірік қажет болады. Ондайда минутты емдеп, бір көзілдірікпен қалған ыңғайлы, — дейді А.Талғатқызы.

Дәрігер сөзінше, егде жастағы әрбір ем алушы өз жағдайына байланысты таңдау жасап, өзі шешеді. Көзілдірік, не линза тағуына болады немесе лазерлік коррекцияны да байқап көре алады, бірақ жақыннан көзілдірік тағуы міндетті. Astana Vision клиникасының офтальмолог дәрігері Бақытқұсы Орынтайқызы да әр пациенттің лазерлік түзетуге қатысты бірқатар жайтты ескеру қажетін жеткізді.

— Әркімнің нәтижесі әртүрлі болғандықтан, рецепт жеке деректеріне қарай негізделеді. PRK, Lasik, Femto-Lasik және SmartSite сияқты әртүрлі әдіс бар. Кейде ауруда прогрессия байқалса, бақылау қажет. 40 жастан асқан кезде жасқа байланысты пресбиопия (қарттық алыстан көргіштік) процесі басталады, жақыннан көру нашарлайды, бұл жағдайда көзілдірік тағу керек. Операцияны жоспарлаған кезде клиниканың техникалық жабдықталуына, білікті кадрлармен қамтамасыз етілгеніне көз жеткізіп, зерттеп алыңыз. Ең бастысы, отаға өзіңіз дайын болсаңыз болғаны. Қарсы көрсеткіштеріңіз бар болса, суық тиіп ауырып қалсаңыз, ота жасауға асықпау керек. В және С вирустық

түрімен шұғылдануға асықпау керек.

Ең соңғы заманауи тәсіл — RelexSmile. Ерекшелігі, көздің ең бірінші қабаты зақымдалмайды, шамамен 2 микронға дейі ғана шамада кішкентай тілік жасау арқылы бұзылысты ретке келтіреді. Мұның жазылуы тіпті жеңіл, ертеңінде жұмысқа шыға берсе де болады. Бір айтарлығы, лазерлік коррекцияны қандай тәсілмен жасатсаңыз, кейіннен дәл сол тәсілмен қайта жасатуға болады, алайда мұндай жағдай сирек кездеседі. Осыдан 20 жыл бұрын лазерлік коррекция жасатқан әйелдерге босанар кезде қауіп бар деген болжамдар айтылатын, ота жүктіліктен кейін ғана жоспарланған. Ал қазір отанын әйелге де, балаға да зияны жоғы анықталды, қорқуға еш негіз жоқ. Барлық жағдайдың ішінде 3-4% адамның көруі қайта нашарлауы мүмкін екен.

ТӘСІЛІНЕ ҚАРАЙ
БАҒАСЫ

Лазерлік коррекцияның бағасы Астанада 200 мың мен 1 миллион теңгенің айналасында, дегенмен



гепатиттеріне қан талдауын жасау маңызды, — дейді дәрігер.

ОТАДАН СОҢ ЖҰМЫСҚА
БАРА БЕРЕСІЗ

Егер де бәрі талаптарға сәйкес ойдағыдай болса, ота түрін өзіңіз таңдай аласыз. А.Талғатқызының айтуынша, қазір лазерлік коррекцияның PRK, Femto-Lasik және RelexSmile сынды негізгі 3 түрі кең тараған. Ең алғашқы тәсілдің бірі, PRK тәсілі — көздің беткі жағына жасалады, шамамен кейінгі 40 жылдан бері жасалып келе жатқан процедура. Бұл әдісте көздің жазылу уақыты сәл ұзаққа созылады, көздің беткі қабатын лазермен алып, орнына 4 күн линза қояды. Алғашқы екі күнде көз ауырады, жасаурайды, жарыққа қарау қиына соғады, кейін біртіндеп қалпына келе бастайды.

Келесі FemtoLasik тәсілінде көзге шеңберлеп тілік жасалады, лазермен көзді түзетіп, қасаң қабық қақпағын қайта жабады, бұл кезде линзаны 1 күнге ғана қояды. Тілген жер сәл ашып ауруы мүмкін, дегенмен алғашқы тәсілдей ауыр болмайды. Тез қалпына келеді, ертесінде өзіңізді жақсы сезініп, айналаны анық көре бастайсыз. Бұл жердегі қауіп — көздің қасаң қабығына толық тілік жасау. Дәрігер кеңесінше, отадан кейін бір ай күтіну керек. Көзді қатты укалауға болмайды, бокспен, күрделі спорт

оның бағасы жасау тәсіліне байланысты әртүрлі, медициналық орталықтардың техникалық жабдықталуы мен сапасын да ескеру қажет. Клиникалардың сайтқа жариялаған ақпарымен шектелмей, орталықтарға барып, жағдайды зерттеп, біз де тексеріліп қайттық. Танғалдырғаны, клиникаға 10 күн бұрын жазылып, белгіленген уақытқа барсақ та, адам кезегі бір арылмай тұр. Офтальмолог Алуа Талғатқызының сөзінше, мемлекеттік ауруханаларда лазерлік коррекция жасалмайды, бірақ басқа күрделі оталарды тегін жасатуға мүмкіндік бар. Сонымен қатар ақылы түрде лазерлік коррекция жасатуға зейнетақы қорынан қаражат алуға болады.

Дизайнер Шолпан Ғарифулланың лазерлік коррекция жасатқанына 4 апта болыпты. Оның бастауыш сыныпта оқып жүрген кезінен бері көру қабілеті төмендеген. Алғашында көзілдірік тағып, жоғары сыныпқа көшкенде, линзаның көмегіне жүгінген. Оның айтуынша, линзаның да жайсыздығы бар, көзді құрғатып жібереді, жол жүргенде де ыңғайсыз. Ол арада талай жыл өткенде көзге ота жасатамын деп шешім қабылдайды.

— Алдымен толық диагностика жасаттым. Дәрігер маған екі тәсілмен ота жасауға болатынын түсіндірді. Бірінші әдіс — FemtoLasik, екіншісі — RelexSmile. Таңдауым FemtoLasik-қа түсті. Бағасы арзанырақ, көру қабілеті нашарлап

жатса, тағы жасатуға болады. Дәрігер отаға кірерде қолыма жұмсақ ойыншық ұстатып, бәрі тез әрі оңай болатынын айтты. Қорқыншыты көрінгенмен, шындығында, еш ауырмайды, бәрі тез бітті. Алғашқы күні көзімде құм бар секілді сезім болды, екінші күні бұл сезім азайды, танертең бәрін керемет көріп тұрдым. Сол күні клиникаға тексерілуге бардым, дәрігер 120% көріп тұрғанымызды айтты. Үшінші күннен бастап көзімнің ауырғаны басылды. Ота жасатқаныма өкінбеймін. Қазір ота жасағаным 4 апта болды. Әлемді өз көзіммен көргенге не жетсін? — дейді Ш. Ғарифулланы.

ОТАНДЫҚ
МЕДИЦИНАҒА СЕНУГЕ
БОЛАДЫ

Кейінгі кездері лазерлік коррекцияны шетелде, әсіресе көршілес Ресейде жасататын жандардың қатары артқан. Бұған себеп — ота бағасының елімізге қарағанда арзандығы. Негізінен, отаның қымбаттығы құрылғының, лазерлік жабдықтың сапасына, дәрігерлердің біліктілігіне де қатысты. Құдайберген Бакнұр (өзгертілді) осыдан 4 жыл бұрын Ресейге барып ота жасатқан. Ол толық отаның бағасы теңгеге шаққанда, небәрі 150 мың дейді.

— Ақтөбеге Алматы мен Астанаға қарағанда, Ресейдің Орынбор қаласы жақын. 3-сыныпта оқып жүрген кезімнен бастап Ресейге барып, көзімді тексертіп келемін. Орынбордың көз тексеретін үлкен ауруханасына жатып, сонда қаралатынымын. Сонда жеке дәрігерім болды. Сол себепті де лазерлік коррекцияны да сонда жасаттым. «Қазақстанда нашар жасайды, Ресейде сапалы» деген көзқарас әлі де бар. Бала күннен сондай пікір естіген соң осылай шештім. Көзіме корекция жасатқалы 4 жыл болды. Әлі 100% көре аламын. Әр жыл сайын тексерілемін, сапалы жасады деп айта аламын, — дейді Бакнұр.

Бакнұр айтқандай, шынында, Ресейде лазерлік коррекция жасату қазір де өте арзан. Ресейде ота жасау теңгеммен есептегенде, 100 мыңнан басталып, 500 мыңға барады. Офтальмолог А.Талғатқызы елімізде де медицина дамып жатыр, отандық дәрігерлерге сенім артуға болады дейді.

— Тек қана көз емес, кез келген операцияны шетелге барып жасату бұрыннан бар, бірақ бұған да еліміз мониторинг жасау керек. Елімізде де отандық медицина дамып келеді, бірнеше клиникаға барып, зерттеп-таңдауға болады. Әрине, түрлі жағдай, асқын, қабынулар болуы мүмкін, организмнің қабылдауы әртүрлі, адам ауырып қалуы мүмкін, бәрі 100% мінсіз бола бермейді, дегенмен отандық дәрігерлерге де сенім арту керек. Шетелге сенім артса, ол да өз еркі, — дейді дәрігер.

Дәрігердің айтуынша, дүниеге келген сәбидің көру қабілеті +3, 3,5 тіпті +5-ке дейін болады екен, мектеп жасына дейін көз алмасы өсіп, көрсеткіш төменге түседі. Егер осы кезде баланың күтіміне көңіл бөлмесе, көру қабілеті минусқа түсіп, миопияға айналады. Ересектер жұмыс арасында үзіліс жасап, күтінсе, көп мәселе туындамайды. Ал миопия әдетте мектеп және университет кезінде өседі екен.

Денсаулығыңыз үшін қалай шешесіңіз де, өз таңдауыңыз, өз қалауыңыз. Дей тұрғанмен, кез келген клиникаға барарда, зерттеп-зерделеп, жеті рет өлшеп, бір рет кесіп әрекет еткеніңіз дұрыс.

ПАРАСАТ

8 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ

Қазақ әдебиетінде балалар бағбанына айналған жазушы көп емес, санаулы ғана. Сол санаулылардың қатарында Сансызбай Сарғасқаев та бар. «Бар әдебиеттің бастауы – балалар әдебиеті» екені даусыз. Максим Горькийдің «Балалар жазушысы басқалардан сапалы жазуы керек. Анығында әдебиеттің бастау қайнары, әрі балаларды әдебиетке әкелетін шығармалардың сапасыз болуға хақысы жоқ» дегені бар. Демек, әдебиеттің бастауы болатын дүниенің салмағы да ауыр болары белгілі.

Сарғасқаев ұмытылмас, САРҒАЙСА ДА ҚАЗАҚЗДАР

А Гүлзина БЕКТАС

БАЛАЛАР БАҒБАНЫ

Сансызбай Сарғасқаев — қазақ балалар әдебиетінің жарқын өкілі, бала болмысының нәзік иірімдерін шынайы бейнелеген суреткер. Оның шығармалары балаларды мейірім мен адалдыққа, еңбексүйгіштік пен адамгершілікке үндеді. Жазушының «балалық шактың бал дәмін» суреттейтін туындыларында балғын өмірдің қуанышы мен мұны жатыр. Ол бала арманының бейкүнә сырын көркем тілмен өрнектейді. Сарғасқаевтың кейіпкерлері — өмірдің өзінен алынған қарапайым да қайсар балалар. Олар оқырманды ізгілікке, еңбекқорлыққа, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болуға тәрбиелейді. Сансызбай Сарғасқаев — бала жүрегіне жылу ұялатып, балалықтың сәулесін мәңгілік сөзге айналдыра білген қаламгер.

«Біз кішкентай үгітшілер едік, бригадалар мен фермаларды аралайтынбыз. Газет пен журнал оқып беретінбіз. Жауынгерлік листоктар шығарып, концерт көрсететін едік. Біз сауатсыздыққа қарсы күрестік. Жас бөбектер мен қарттарға жәрдемдестік. Мұны ешқашан да ұмыта алмайсың» деп жазады жазушы балалық шағы туралы. Сол бір балалық шактағы ұмытылмас дүниелер кейін қағазға сыр боп төгілді.

Алғашқы дүниесімен-ақ көпшіліктің ықыласына ие болған жазушы республикалық «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері» газеттері мен «Пионер» журналының тұрақты авторына айналды. 1953 жылы оның «Достар» деген әңгімелер жинағы шықты. «Тәмпіш қара» повесі 30-жылдардағы ауыл өмірін суреттеген. Повесть тоғыз бөлімнен тұрады: «Танысу», «Тілеп алған азап», «Әзілі ме шыны ма?», «Өкініш», «Теке карт», «Не болды біз-

ге?», «Бұдан кейінгі күндерде...», «Ойламаған жерден», «Үш күн қалғанда». Повестің негізгі ойы — жас жеткіншектерді адамгершілікке, шыншылдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Қаламгер 1954 жылы «Сәуленің жаңа достары», «Сұлутөрдің балалары» (1956), «Бір көшенің бойында» (1961), «Сынған тіс» (1963) атты повестер мен «Балалар» (1958), «Шындық» (1964) атты әңгімелер жинағын жарыққа шығарды. Жинаққа енген жиырмаға тарта шағын әңгімесі тақырыптық тұрғыдан да, мазмұны жағынан да байи түскенін байқауға болады. Әсіресе, «Өкініш», «Көз», «Шатақ», «Сабақ», «Жігіт» секілді әңгімелерінде сю-

Асықпай, байыппен, баппен атасы туралы әңгімелеп берді.

— Қайын атам белгілі жазушы Сансызбай Сарғасқаевпен пікірлесу мен үшін ғажап оқиға еді. Атам тұнып тұрған «тірі энциклопедия» болатын. Түсінбегенінді сұрасан, сол сәтте жауабы дайын тұратын. Ол кісі өз туындыларын оқығанда ұйып тыңдамасқа шараң қалмайды. Тек шабытты шақтарында жазуға

Балалар жазушыларын мектеп оқулықтарына, әсіресе бастауыш сынып оқушыларының оқулықтарына енгізген жөн. Сонда оқушылар балалар әдебиеті өкілдерін жақсы танып, мағлұмат алып отырады еді. Тым құрыса, қысқаша өмірбаяндары оқулыққа енсе, қандай ғажап! Шығармаларын толық бере алмайтыны түсінікті, үзінділерін салып отыруға болады. Жоғары сынып оқушылары үшін де оқулықтарға шығармаларын енгізгеннің айыбы жоқ.

жеттік желісі тұрғысынан ширай түскенін аңғарасын.

«Адам — табиғат перзенті. Табиғаттың даму, өзгеру заңдылығы сияқты адамның да сыры, мінезі, іс-әрекеті әр алуан. Жазушы басты кейіпкерлерін табиғат көріністерін суреттеуге байланыстыра гуманизм рухымен тоғыстыра білді». Бұл — әріптестерінің жазушыға берген шынайы бағасы.

«АТАМ ТҰНЫП ТҰРҒАН ТІРІ ЭНЦИКЛОПЕДИЯ ЕДІ»

Қаламгердің келіні Фатима Сарғасқаева — тіл маманы. Ұзақ жылдар Кітап палатасында еңбек етті. Қазір зейнетке шыққан. Немере бағып отырған әже. Ә дегеннен-ақ Фатима апайға жазушы туралы сұрағымызды жаудырған едік.

отырғанда еш мазаламауға тырысатынбыз. Балалар жан дүниесінің білгірі, тамаша жазушының «Сәуленің жаңа достары», «Бір көшенің бойында», «Сынған тіс», «Балалар», «Шындық», «Шыбық», «Жаймашуак», «Тәмпіш қара», «Жұмбақ қыз» атты повестері мен әңгімелері ертеректе жарық көрген. Талай балдырған атамның әңгіме, таппақтарымен танысып, есейгені — біз үшін мақтаныш.

— Биыл балалар жазушысы Сансызбай Сарғасқаевтың туғанына 100 жыл толды. Балалар әдебиетінің көш басында тұрған тұлғаның есімі «көмескіленіп», ұмытылып бара жатқан секілді. Атаңызды есте қалдыру үшін қандай іс-шаралар атқарылып жатыр?

— Биылғы атамның мерейтойына орай, арнайы еске алу кон-

ференциясын өткіздік. Оралда немерелері тұрады. Сол жақта арнайы ашық сабақ өткізіп, көрме жасады. Алматыда тұратын немерелері де атасын еске алу мақсатында бір-қатар іс-шара өткізіп, тағзым етті. Газет-журналдарда атамның туралы мақалалар жарық көрді. Ол кісінің шығармаларын жинақтап, таспалап қойды. Ғаламторға «Сұлутөр» мен «Тәмпіш қараның» аудио нұсқасын шығардық.

— Қоғам қазір әдебиеттен қол үзіп барады. Оның ішінде балалар әдебиеті де бар. Бұрын балалар Соқпақбаевты, Гумеровты, Сарғасқаевты және өзге де балалар әдебиетінің өкілдерін жақсы білетін. Қазір ше?

— Балалар жазушыларын мектеп оқулықтарына, әсіресе бастауыш сынып оқушыларының оқулықтарына енгізген жөн. Сонда оқушылар балалар әдебиеті өкілдерін жақсы танып, мағлұмат алып отырады еді. Тым құрыса, қысқаша өмірбаяндары оқулыққа енсе, қандай ғажап! Шығармаларын толық бере алмайтыны түсінікті, үзінділерін салып отыруға болады. Жоғары сынып оқушылары үшін де оқулықтарға шығармаларын енгізгеннің айыбы жоқ. Балалар әдебиетке құмартып, ақын-жазушының көркем дүниелерімен танысып өсер еді.

— Талай балдырған атаңыздың өлеңдері мен көркем шығармаларын оқып өсті. Әлі күнге дейін атаның шығармалары сұраныста бар ма?

— Иә, кейде кездесуге, оқушылармен жүздесуге шақырып тұрады. Атамыздың әлі күнге дейін есімі ұмытылмай, көркем дүниелері талқыланып жатады. Кейде бізге хабарласып, «қайта шыққан кітаптары бар ма?» деп сұрайды. Сондай сәттерде балалар жазушысының әлі күнге сұраныста болғанына қуана-

сын. Ата есімінің ұмытылмағанына шүкірлік етесін.

— Мектеп оқулықтарынан бөлек, жазушының шығармалары жеке жинақ болып, жиі жарық көре ме?

— Жок. Ол кісінің кітаптары тек кітапханаларда ғана бар. Жекелеп, жыл сайын қайта шығады деп айта алмаймын. Кейде студенттер де хабарласып, шығармаларын сұрап жатады. Кітап дүкендерінен сирек кездестіресің, оның өзінде кейінгі жылдары шығып жүрген жоқ. Букнистерде ескі жинақтарын табуға болар, оның өзі сирек.

— Сіз келін болып түскенде, Сансызбай ата қанша жаста еді?

— Мен келін болып түскенде, атамның жасы қатты ұлғая қоймаған кезі. 55 жаста ғана болатын. Ол кісінің көзін көріп, мазмұнды әңгімелерін тындап өстік. Немерелері де аталарының әңгімесімен есейді.

— Балалар әдебиетінің жоқтаушылары көп пе? Атаңыз есімі қалай насихатталып жүр?

— Оқушылар мен студенттерден бөлек, мұғалімдер де кейде атамның еңбектерін сұрап жатады. Тіпті, кейбірі «кітаптары неге аз, оқулықтарда атаның шығармалары неге жоқ?» деген сауал қояды. Балаларымның кішкентай кезінде оқулықтарда атаның шығармалары болды. Қазір оқулықтар да өзгерген. Жаңа бағдарлама енгізілген. Мүмкін, сол себепті де атамның көркем дүниелері еңбей қалған шығар. Министрлік осыны ескерсе деймін: балалар әдебиетінің классиктерінің шығармалары оқулыққа енуі қажет. Сонда балалар әдебиетті, оның ішінде балалар әдебиетін оқитын еді, көңілге тоқитын еді.

— Қоғам балалар жазушысын ұмытпау үшін не істеген абзал?

— Атамыздың соғыс жылдарындағы кезеңі көп айтыла бермейді. Ол кісі де соғысқа қатысқан, соғыс ардагері атанған жазушы. Ондай мағлұматтар өте аз, тіпті жоқтың қасы. Жазушының есімін ұмытпай, шығармаларын да, өмірін де жиі насихаттай бергеніміз дұрыс.

— Атаңыз туралы еске алғанда не ойға оралады?

— Балалар атама қатты үйір болатын. Көршілердің балаларына дейін жақсы көрді. Мүмкін, сол себепті де балалар жазушысы болған шығар. Айналасынан жыпырлап, балалар шықпайтын еді. Суретті де көркем салатын. Сол қасиеті немерелеріне дарыды. Екі бірдей немересі аталарының жолын қуды. Әсел Сарғасқаеваның суреттері Лондонда, Мәскеуде қойылып жүр. Алтынай Сарғасқаева да танымал суретші, оның кітабын ЮНЕСКО-дан шығарды.

— Жазушының шығармасы да ұрпағы секілді аяулы, қадірлі. Балалары ата аманатына адал ма?

— Ұрпағы бар да ата есімі ұмытылмайды. Аталарының фамилиясын жалғаған немере-шөберелері бар. Олар атасының фамилиясын алғанын мақтан тұтады. Жыл сайын атасының туған күнінде аталары туралы сөз қозғап, естеліктерін ортаға саламыз. Балалар да, немерелер де атасының атына дақ түсірмей, әлемге паш етіп келеді. Бұл да марқаятын, мақтаныш сезімін ұялататын дүние. «Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді» деген дана сөз — бүгін мен ертең арасындағы рухани байланыстың алтын көпірі дер едім. Жақсының аты, яғни атамның есімі ұмытылмайды, мәңгі жасай бермек!

КӨЗАЙЫМ

8 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ

Әйгерім – әлем таңдай қаққан қазақ операсының әншісі. Операның отаны – Италияның ең ірі сахнасында әйгілі тенор Андреа Бочеллимен бірге ән шырқады, әр опера әртісіне арман болған «Ла-Скала» академиясында білім алған. CLIP халықаралық опера байқауында жеңіске жеткен алғашқы Орталық Азия өкілі де – өзі. Осындай жетістіктерінің қатары жуырда «Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері» атағымен толықты. «Қайда жүрсем де операдағы образымды қайталап, жаттап жүремін» дейді Әйгерім Алтынбек. Өйткені сахнаға шыққанда шырқайтын әннен гөрі сомдайтын рөлдің жүгі басым. Операның өзгешелігі де – осы. Дауыс пен драманы, музыка мен эмоцияны бір арнаға тоғыстыратын ең күрделі өнердің әлемін түсіну үшін Әйгерім Алтынбекпен сұхбаттасып, опера әншісінің ішкі жан дүниесіне үңілдік.

Әйгерім АЛТЫНБЕК, опера әншісі:

– Әйгерім ханым, опера әлемінде жеткен жетістігіңіз аз емес. Атыңызды еліміз ғана емес, сонау Еуропа елі жақсы танып үлгерді. Осындай жетістікке жеткендегі әсер қандай? Операда мұндай дәрежеге жету қиын ба?

– Мұны маңдайыма біткен бақ деп түсінемін. Бұл күнге жетуіме маған қолдауын аямаған әке-шешемнің, білгенін үйреткен ұстаздарымның еңбегі зор. Содан кейін ғана тоқтаусыз еңбектің нәтижесі дер едім. Қандай жетістікке қол жеткізсеңіз де, ол еңбекпен келеді. «99 пайыз еңбек, 1 пайызы ғана талант» деп айтатын еді ұстазымыз. «Ла-Скала» академиясына арнайы дайындалдым. Нәтижесінде, жаңа дүниелерді үйрендім. Сондықтан мұның барлығы еңбектің арқасында деп айтамын. Бірақ әр қадамым, әрекетім марапатқа қол жеткізуді көздеген емес.

ҚАЗАҚ ОПЕРАСЫНЫҢ АУДИТОРИЯСЫ КАЛЫПТАСҚАН

– Әлемге әйгілі «Ла Скала» театрының академиясына түсу екінің біріне беріле бермейтін бақ қой. Мұндай бақытты бұрыннан армандадыңыз ба? Оған қалай жеттіңіз?

– Әрине, әйгілі академияда білім алу, әлем сахнасында өнер көрсету әр опера әншісінің арманы деп ойлаймын. Операның түп-тамыры Италиядан басталған. Тек Италия емес, Еуропаның басқа да мемлекеттерінде опера өте жоғары деңгейде дамыған. Сондықтан опера әншісі ретінде әлемнің ең керемет сахнасында, опера театрларында өнер көрсету, рөлдер сомдау – біздің арманымыз. Әрине, «Ла-Скала» театрының академиясына түсуді бұрыннан армандадым. Үш жыл бұрын Италияға оқуға түстім. Бұл менің ғана жетістігім деп айта алмаймын. Өйткені маған қазір әлеуметтік желіде жас опера әншілері жазады. Бұрын «Ла-Скала» театры тек кітаптан, видеодан ғана көретін едік. «Қазақ қызының

бәрімізге арман болған академияда және сол театрда өнер көрсетіп білім алғаны біз үшін үлкен жаңалық және үлкен мүмкіндік» деп жылы лебіздерін білдіріп жатты.

– Қазір өнер кеңістігін алсақ, опера бағытындағы тыңдарманның қатары басқа өнер түрлерімен бірдей емес. Кейде операны кенже қалған өнер деген пікір де айтылады. Оған көзқарасыңыз қандай?

– Операның да тыңдайтын аудиториясы бар. Мүмкін, опера ТМД мемлекеттерінде танылмаған шығар. Қазір Қазақстанның өзінде 3 қалада опера театры бар. Ал Еуропа мемлекеттеріне қарасак, әрбір қалада опера театрлары бар. Сол театрларда күнделікті спектакльдер, классикалық концерттер қойылып отырады. Қарап отырсақ, біздегі танымал эстрада жанрынан да кең танылған. Менің мақсатым, іштегі арманым – әлемдегі операның деңгейін Қазақстанға жеткізу. Өйткені бізде операны көпшілік аса түсіне қоймайды. Енді-енді дамып келе жатыр. Оған біршама уақыт керек. Өйткені опера біздің қанымызда бар өнер түрі емес. Еуропадан келген өнер түрі болғандықтан, кешеуілдеп жатыр. Қазақ жырды, домбыраны қалай жақсы көрсе, Еуропада, алыс кетпей-ақ қойайын, Италияда операны өздерінің ұлттық өнері деп қабылдайды. Десе де, операны қазақ даласында кенже қалған өнер деген пікірге келіспеймін.

– Осы пікірді, операға тыңдарман көзқарасы туралы ойыңызды тереңдете айтыңызшы.

– Италия операның отаны болғандықтан, деңгейі, әрине, жоғары. Халқы барлық операны

жатқа біледі. Әр нотасын, әр сөзін жаттап алған. Өйткені халқының қанында бар. Мәселен, бұл жерде бірінші опера 16 ғасырда жазылды ғой. Ал Қазақстанға операның келгеніне, тіпті бір ғасыр да емес, 80-ақ жыл болды. Сондықтан отандық операны әлемде салыстыруға келмейді. Қазір өзімізде жазылған қаншама опералық

ның да гүлденетін өз уақыты келеді. Қазір өзіміздің күшіміз, әліміз жеткенше тырысып жатырмыз.

ХАЛЫҚ ӘНДЕРІН ОПЕРАҒА БЕЙІМДЕП ЖҮРМІН

– Италияда жүріп, төрт қалада Пуччинидің «Богема» операсында Мими әншінің рөлін сомдадыңыз. Негізі, операда кейіпкерлерді ашудың ерекшелігі неде? Сол образды қалай ашуға болады?

– Пуччинидің «Богема» операсы – лирикалық махаббатқа толы опералардың бірі. Басты рөлдердің бірі – Мимидің рөлі. Рөлге ену үшін, ең алдымен, операның либреттосын оқып, жаттаймыз. Вокалдық тұрғыда дауыс жаттығуларымен, жоғары-төмен нотамен, фразалармен жұмыс істеп болғаннан кейін ғана образбен жұмыс істеуге кірісеміз. Өйткені сахнада рөлді сомдағанда, техниканы, жоғарғы ноталарды ойлауға көңіл бөле алмаймыз, себебі тек образбен жұмыс істейміз. Мен үшін маңызды қағида – кез келген рөлді бойыма сіңіру үшін көптеген материал оқимын, көп әншіні тыңдаймын. Әсіресе, композитордың дәл сол операны

шалып қалды. Кез келген әнді операға бейімдеп айтуға бола ма? Көбіне сахнаға қандай туындыны алып шығасыз?

– Абайдың шығармаларына қазақ композиторлары көптеген музыка жазған. Өзінің де классикалық өңдеуден өткен қаншама әні бар? Одан бөлек, қазақ халық әндерінің ішінде біз білмейтіндер қаншама? Ары кетсе, он шақтысы ғана белгілі. Музыкалық тұрғыда өңдеуге зәру ауызекі әндер жеткілікті. Олар шетелдік романстардан, халық әндерінен асып түспесе, кем емес. Сондықтан қазір мұнымен, яғни халық әндеріне опера сахнасына бейімдеумен ерекше жұмыс істеп жатырмын. Қолымнан келгенше халық әндерін тыңдарманға ұсыну мақсатында жұмыс істеумен айналысып жүрмін. Алдағы уақытта тек біз білетін романстар мен халық әндері емес, жаңаша да халық әндері халыққа жол тартады деген сенімдемін. Нақты жоспарлар да бар.

– Кеше ғана опера әлемінде әйгілі тенор Андреа Бочеллимен бір сахнада өнер көрсеттіңіз. Білуімізше, бұл алғашқы дуэт емес. Сахнаға қандай шығарманы алып шықтыңыздар?

– Бұл – Андреа Бочеллимен үшінші концертті. Биыл маусым айында Италияның Неаполи қаласында, Помпей сахнасында екі концертіміз өтті. Бочеллимен керемет дуэттер орындадық. Ал Алматыда бірге өнер көрсету туралы ұсыныс маэстроның жағынан болды. Ұсынысты бірден қабыл алдым. Концерт жоғары деңгейде өтті деп ойлаймын. Өйткені әлемге танымал өнерпаздар

Марапатқа ЖЕТУДІ КӨЗДЕМЕДІМ

жазған кездегі мақсаты мен ойына мән беремін. Операдағы ең маңызды сюжеттер, сценаларға да көңіл аударуға тырысамын. Сондықтан қайда жүрсем де, сол образ ойымда жүреді.

Италияда жүргенімде көптеген коучпен жұмыс істедім. Солардан кеңес алуға, шеберлік сабағына қатысуға тырыстым.

опера болсын, нео-классика болсын, эстрада жанрында болсын өнер көрсетіп жатса, біздің экономикамыз үшін, қазақтың өнерінің жарнамасы үшін керемет деңгей.

Бочеллимен бір сахнада өнер көрсеткеніме өте қуаныштымын. Алдағы уақытта да керемет концерттер болады деген ойдамын. Алматыдағы кеште бірқатар туындыны орындадық. Мәселен, Джакомо Пуччинидің «Джанни Скикки» операсынан O mio babbino caro ариясын жеке орындадым. Ал маэстромен «Богема» операсын Родольфо мен Мимидің ариясын, екінші Джузеппе Вердидің «Травиата» операсындағы әйгілі «Бриндизи» тостты орындадық. Бұлар бірінші акттің қорытынды дуэті болды. Олар ең жарқын шығарма болғандықтан, тыңдарман өте жылы қабылдады. Әлі күнге дейін маған толассыз құттықтаулар, хаттар келіп жатыр. Өте қуаныштымын. Қазақстанның аты опера жанрынан осылай кеңе таралып, әлемдік деңгейге шығып жатса, ғажап қой! Соған менің кішкентай болса да септігім тисе, өте қуаныштымын.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



Бұл – Андреа Бочеллимен үшінші концертті. Биыл маусым айында Италияның Неаполи қаласында, Помпей сахнасында екі концертіміз өтті. Бочеллимен керемет дуэттер орындадық.

шығарма бар: «Біржан-Сара», «Қыз Жібек», «Хан Сұлтан. Алтын Орда», қазір қойылып жүрген «Алпамыс» операсы.

Қазақстандағы операның деңгейін салыстыруға келсек, біріншіден еліміз өте жас мемлекет, тәуелсіздігімізді алғанымызға аз уақыт болды ғой. Сондықтан оны бірден биік деңгейге шығарамыз деп көсілудің қажеті жоқ. Опера-

Сондықтан маған образға ену жағы жеңілірек. Тек образды бойға сіңіруге біраз уақыт керек. Операны жаттап, бір айдың ішінде айта алмаймыз. Оны жарты жыл, не бір жыл бұрын дайындап, сонымен бірге оянып, сонымен бірге ұйықтаймыз.

– Парақшаңызда Абайдың «Ғашықтың құмарлықпен ол екі жол» әнін айтқаныңызды көзіміз

ӨСКЕН ӨҢІР

8 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ



Ақтөбе облысында шағын индустриялық аймақтар құру, арнайы экономикалық аймақты кеңейту, туризмге, денсаулық сақтау мен білім беру салаларын заман талабына сай дамытуға арналған мақсатты жобалар жүзеге асып жатыр. Әсіресе, соңғы жылдары аймақта отандық өнімдерге деген сұранысқа сай жаңа технологиямен жабдықталған кәсіпорындар іске қосылып, өндіріс қуаты артқан. Қазіргі күні өңір өнеркәсібін өркендету арқылы импортқа тәуелділікті азайтып, бәсекеге қабілетті, экспортқа бағытталған өнімдер өндіру және сапасын арттыру басым бағыт саналады.

дар қатары артқан. Жұмысшы мамандықтар жылы аясында биыл Ақтөбе облысында 42 мың адам жұмыс орналасты.

Тұрақты экономикалық өсуі мен дамуды қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясатты іске асыру барысында облыстың ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібін өркендетуге басымдық беріліп отыр. Ауыл шаруашылығына салынған инвестиция бірінші кезекте тамақ өнеркәсібінің аяқтан тұруына септесетіні белгілі. Биыл бюджеттен бөлінген 14,5 млрд теңге қаражат ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлерге жасалған үлкен көмек болды десек болады. Ауыл шаруашылығы басқармасы мамандарының мәліметінше, биыл облыс көлемінде 296,8 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 103,1% құрады. Өнімде мал басы артып, жыл сайын төрт түліктен көлкөсір пайда көріп отырғандар аз емес. Шаруашылықтарда мүйізді ірі қара — 596,1 мың, қой мен ешкі — 1 228,8 мың, жылқы —

мен қаржыландыру жобасы өз жемісін беріп үлгерді. Облыстық кәсіпкерлік басқармасының деректеріне сәйкес, орта және шағын бизнес саласында 85 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, соның 135-і — тамақ өнеркәсібі саласы бойынша өңірді толық азық-түлікпен қамтамасыз етіп отыр. Қазір Ақтөбеде жасалған өнімдер Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Тәжікстан, Ауғанстан, Қытай және басқа да елдерге саудаланады. Облыс бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін экспортқа шығарып отырған ірі кәсіпорындардың саны 15-тен асады. Олардың арасында мал шаруашылығы шикізатын экспорттайтын 4 кәсіпорын, астық экспорттайтын 7 ірі кәсіпорын жұмыс істеп тұр.

Өнімде жалпы 2025-2027 жылдарға инвестиция көлемі 63,2 млрд теңге болатын 50 жобаны іске асыру көзделуде. Биыл 16,5 миллиард теңгеге 14 жоба іске асады деп жоспарланған. Аймақ-

Өңір экономикасына жергілікті дикандардың да қосып отырған еңбегі ерен. Биыл аймақ дикандары қамбаны 554,4 мың тонна астыққа толтырып тастады. Облыс бойынша дәнді дақылдар 426,4 мың гектар алқаптан жиналып, орташа өнімділік гектарына 13 центнер болды. Майлы және көкөніс дақылдары бойынша да жоғары өнім жиналды. Картоп, көкөніс, бау-бақша өнімдері және басқа да күзгі жиын-терін облыс дикандары үшін табысты болды. Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Асқар Жүсібаевтің мәліметінше, облыстағы астық қоймаларының жалпы сыйымдылығы 685,1 мың тоннаны құрайды. Бұл жаңа өнімді толық қабылдап, сақтауға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының агро-өнеркәсіптік кешенді цифрландыру жөніндегі тапсырмасы аясында аймақта ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жүйесі (АЖС), E-Agriculture АӨК саласын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі (ББАЖ), субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесі (СМАЖ), «Ауыл Аманаты» халыққа несие беруінің ақпараттық жүйесі секілді бағдарламалық жобалар қолға алынған. Әсіресе, цифрландыру, дәлме-дәл егіншілік элементтерін енгізуге ерекше көңіл бөлінуде. Бірқатар шаруашылықта — «Дилэнд» ЖШС, «Ақжар Агро», «Елім Табантал» және басқаларда — John Deere, Claas, New Holland, Case сияқты заманауи техникалар қолданылып жатыр. Олар өнімділік пен жанармай шығынын есепке алуға мүмкіндік беретін сенсорлар және навигаторлармен жабдықталған. «Актеп» және «Дилэнд» шаруашылықтарында метеостанциялар орнатылған, ал Navistar-Asia компаниясымен бірлесіп навигациялық жүйелер енгізілуде. Мәселен, TortTulik мобильді қосымшасы мен ауыл шаруашылығының ақпараттық жүйесі сияқты цифрлық шешімдерді енгізу есептілікті тиімді жүргізуге, қағазбастылықты азайтуға және мал ұрлығымен күрестің тиімділігін арттыратын болады. Сондай-ақ биыл республика бойынша өткен Ұлттық ауыл шаруашылық санағына облыстан 7811 жеке қосалқы шаруашылық және 9138 шаруашылық субъектісі қатысты.

— «Біз өңір экономикасының тұрақты әрі жүйелі дамып келе жатқанын көріп отырмыз. Барлық оң нәтиже — мемлекеттік басқару деңгейінің, бизнес пен халықтың белсенді еңбегінің жемісі. Алдымызда жаңа міндеттер тұр, біз оларды жүзеге асыру үшін жобаларға басымдық беруді жалғастырамыз. Бұл жобалар халықтың өмір сапасын жақсартуға, инфрақұрылымды дамыту және өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға бағытталған», — дейді Ақтөбе облысы әкімі Асхат Шахаров.

Облыстың 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті — 1,5 трлн теңге көлемінде бекітілгенін ескерсек, оның 68%-ы әлеуметтік салаға бағытталмақ, — деп қырылыс, энергетика, жол салу мен ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлікті дамытуға 91 млрд теңге жұмсалады деп күтілуде.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Аймақта 2025 жылдың алғашқы тоқсанындағы деректер бойынша өндірілген тауар көлемі 1,2 трлн теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда, 6,8%-ға артқан. Ірі өндірістік кәсіпорындармен иық тіресе, өңдеу өнеркәсібі белсенді жұмыс істеп тұр. Металлургия, машина жасау, химия, құрылыс, тамақ өнімі және басқа да секторлар өңірдегі өнеркәсіп көлемінің 41%-ын, ал жалпы ішкі өнімнің 18,3%-ын қамтамасыз етіп отыр. Жергілікті шағын және орта бизнесті қолдау бағытында «Өркен-2» және «Қарапайым заттар экономикасы», «Бизнестің жол картасы» сияқты мемлекеттік бағдарламалар арқылы жеңілдетілген несие беру мен жаңартылған инфрақұрылыммен қамтамасыз ету қолға алынған. Бұл тұрғыда облысқа тартылған инвестициялық жобалардың тиімділігі дәлелденген. Облыс басшылығы инвестиция тарту арқылы тау-кен және өңдеу өнеркәсібі, энергетика және ауыл шаруашылығы саласында серпінді жобаларға барынша қолдау білдіріп отыр. Индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Досжан Әлібеков өңірде бүгінде СТ-КЗ сертификаты бар 145 кәсіпорын және индустриялық сертификаты бар 52 кәсіпорын жұмыс істейді дейді. Оның сөзінше, 2024 жылдың соңынан бастап өңірлік нарықта бұрын облыста өндірілмеген тауарлар шығаратын жана өндірістер пайда болды.

Өңірде барлығы 100-ден астам ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорын бар. Ашық ақпарат көздеріндегі деректерге сәйкес, облыс аумағында 11 диірмен, 48 наубайхана, 5 макарон цехы, 7 шұжық цехы, 5 тұшпара цехы, 2 өсімдік майын өндіретін зауыт жұмыс істеп тұр. Соның ішінде сүт өңдеу бойынша қазіргі уақытта 4 зауыт — «Айс-плюс», «Молочные истории-А», «Мәртөк-сүт» және «Агрофирма «Тау» серіктестіктері аймақтың сүт өнімдеріне сұранысын толық өтеп отыр. Олардың жалпы жылдық

ӨРКЕНДІ ӨНДІРІС, БЕРЕКЕЛІ

қуаттылығы — 68 мың тонна. Ет өңдеуге келсек, 11 кәсіпорын жылына 25,3 мың тонна өнім өндіреді. Сондай-ақ 3 диірмен мен 4 макарон зауыты астық өңдеуге маманданса, өсімдік майы өндірісінде «Ақтөбе Фудс» пен «АКМЭЗ» компаниялары жыл сайын 36 мың тонна рафинадталмаған май шығарады. Әсіресе, ұн өнімдерінің бәсі биік. Облыстың қайта өңдеу кәсіпорындарына бірқатар мемлекеттік көмек көрсетіледі. Атап айтсақ, «Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылық өнімін тереңдете өңдеп, өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау» бағдарламасы бойынша сүт өңдеу кәсіпорындарына биыл субсидия қарастырылды. 2025 жылдың 4 айында ауыл шаруашылығы саласындағы негізгі капиталға 5,1 миллиард теңге инвести-



циялар тартылды. Аудандар бойынша жоспарлы көрсеткіштердің декомпозициясы бекітілді. Нәтижесінде, түрлі жұмыс орны ашылып, аймақтағы жұмыссыздық деңгейі біршама тұрақтанған. Облыста 13 мансап орталығы жұмыс істеп тұр. «Жастар тәжірибесі», «Күміс жас», «Ұрпақтар келісім шарты», «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламалары сәтті жүргізіліп, қайтарымсыз грант алған-



тың ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Асқар Жүсібаевтің сөзінше, мемлекет өңірде мал шаруашылығын дамытуға айтарлықтай қолдау көрсетіп отыр.

— Ауыл шаруашылығындағы субсидиялардың көп бөлігі ет және сүт шаруашылығына жұмсалады. Кейінгі үш жылда бұл салаға 29 миллиард теңге субсидия бөлінді, ал 2024 жылы субсидия көлемі 5,6 миллиард теңгені құрады. СҚО тәжірибесін тираждау бағдарламасына 10 миллиард теңге, ал «Ауыл аманаты» жобасымен 2,5% жеңілдікпен 4 миллиард теңге несие бөлінді. Бұл қаражаттың негізгі бөлігі мал шаруашылығын дамытуға бағытталады. Қазіргі уақытта Алға ауданында құны 104,0 млн теңге инвестициямен мал сою пунктін салу бойынша 1 жоба іске асырылды. Ірі жобалардың бірі инвестиция көлемі 4,6 млрд теңге және 2025 жылдың 1 жартыжылдығында іске асыру мерзімімен «АЙС» ЖШС сүт-тауар фермасын кеңейту жобасы бар, — деді ол.

368,2 мың, түйе — 25,7 мың, құс — 1 281,8 мың бас болды. Ет өндірісі — 77,9 мың, сүт өндірісі — 142,4 мың тоннадан асып, өткен жылмен салыстырғанда, 102,5%-ға өсті. 2025 жылдың алғашқы төрт айында ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібі қарқынды дамып, 61,4 млрд теңгенің өнімін өндірді.

2023 жылдан бері жүзеге асып келе жатқан жеңілдетілген несие-

ТЫНЫС

8 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ

Алматы облысында жол қауіпсіздігін арттыру, қоғамдық тәртіпті сақтау және тұрғындардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру бағытында бірқатар ауқымды жұмыс жүргізіліп келеді. Профилактикалық шаралардан бастап, заманауи цифрлық технологияларды енгізу, жастармен тәрбиелік жұмыс жүргізу, аудит арқылы мемлекеттік қаржыны бақылау – мұның барлығы өңірдегі қауіпсіз орта қалыптастырудың маңызды бөлігіне айналды.



А Сымбат БЕГИМБАЙ

ДРОНДАР ЖОЛДЫ
БАҚЫЛАУДА

«Заң және тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру аясында, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және заңдылықты нығайту мақсатында Алматы облысының Патрульдік полиция батальонының қызметкерлері өңір жолдарында жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша профилактикалық іс-шараларды жалғастыруда.

Жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтардың алдын алу мен оларды тиімді анықтау мақсатында полиция қызметкерлері ұшқышсыз әуе аппараттарын (дрондарды) белсенді түрде пайдаланып келеді. Атап айтқанда, олар апаттылық деңгейі жоғары жол учаскелерінде қолданылуда.

Заманауи технологияларды қолданудың нақты нәтижелері бар. Биыл жыл басынан бері дрондардың көмегімен 300-ден астам жол қозғалысы ережесін бұзу фактісі анықталды.

Полицияның айтуынша, ұшқышсыз аппараттар заңбұзушылықтарды жедел тіркеуге, жүргізушілердің тәртібін арттыруға және ең бастысы, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы жұмыс «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында алдағы уақытта да жалғасын табады. Оның басты мақсаты – өңірдің әрбір елді мекенінде қауіпсіз әрі заңға бағынатын ортаны қалыптастыру. Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тек құқық қорғау органдарының міндеті емес, әрбір жүргізушінің жауапкершілігі. Сондықтан полиция тұрғындарды жолда сақ болуға, талаптарды орындауға және қоғам қауіпсіздігіне үлес қосуға шақырды. Осындай жүйелі шаралар арқылы өңірде жол-көлік оқиғаларының санын азайтып, тәртіппен қауіпсіздік деңгейін жаңа сатыға көтеру көзделіп отыр.

**ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕКСЕРУ
НӘТИЖЕСІ ЖАРИЯЛАНДЫ**

Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы биылғы жылдың 9 айындағы аудиторлық қызметінің негізгі қорытындысын жариялады. Жиында облыс бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Қуаныш Есенаманов 9 ай ішінде мемлекеттік аудитпен 197 млрд 467,5 млн теңге қамтылғанын айтты. Онда жергілікті бюджет қаражаты – 197 млрд 246,4 млн теңге, республикалық бюджет қаражаты – 221,1 млн теңге.

ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІ

ҚАДАҒАЛАНА БЕРЕДІ

— Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтамау салдарынан жіберілген бұзушылықтар сомасы 23,9 млрд теңге болды. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, бұзушылықтарды анықтау деңгейі екі есеге жуық артты. Аталған қаржы ішінде қаржылық бұзушылықтар 9 млрд 152 млн теңге, тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты 399,2 млн теңге, тиімсіз жоспарланған бюджет қаражаты 14 млрд 372,9 млн теңге, — деді Қуаныш Есенаманов.

Сонымен қатар ол мемлекеттік аудит объектілеріне орындау үшін міндетті 55 тапсырма және 8 ұсыныс жіберілгенін атап өтті.

йынша шешім, — деді Қуаныш Есенаманов.

Жалпы, жарияланған қорытынды Алматы облысында заңдылықты нығайтуға, мемлекеттік қаржының дұрыс пайдалануына бақылауды күшейтуге арналған жұмыстардың қарқынды түрде жүргізіліп жатқанын көрсетті.

**ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫН
АЗАЙТУ ТАЛҚЫЛАНДЫ**

Алматы облысында жыл басынан бері жол-көлік оқиғаларының саны артқан. Бұл жөнінде өңірлік

сатында жыл басынан бері облыс аумағында 16 жедел профилактикалық іс-шара ұйымдастырылған. Олардың қатарында «Қауіпсіз жол», «Жаяу жүргінші», «Автобус», «Абайлаңыз, балалар!» сынды акциялар бар.

— Жол апаты себептерінің бірі — облыс аумағындағы жолдардың жағдайы. Қолданыстағы барлық жолға 1 423 тексеру жүргізілді, кемшіліктерді жою туралы жол жөндеу мекемелеріне ұйғарымдар жіберілді. Тексеру нәтижесінде 1 682 дана жол белгісі, 6 бағдаршам объектісі, 51 жол кедергісі, 1 200 м тротуар орнатылып, 93 жаяу жүргінші өткелі жарықтандырылды. 8 308 м² жол танбалары сызылды, — деді Еркебұлан Ахмедов.

Полиция департаментінің өкілі жол қозғалысын реттеу және жол апаттарының алдын алу мақсатында 16 жедел алдын алу іс-шаралары өткізілгенін атап өтті. Бұл жұмыстар аясында жол ережесін бұзу деректері анықталды: мас күйінде көлік жүргізу (608-бап) бойынша — 811; қарсы бағытқа шығу (596-бап, 3-тармағы) бойынша — 1 299; жаяу жүргіншіге басымдық бермеу (600-бап) бойынша — 3 292; жаяу жүргіншілермен жол ережелерін бұзу (615-бап) бойынша — 22 183.

Сонымен қатар жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде заманауи цифрлық бақылау жүйелерінің де үлесі зор. Еркебұлан Ахметовтің мәліметінше, бүгінде облыс аумағындағы жолдарда 325 автоматтандырылған бақылау кешені жұмыс істейді. Аталған жүйелердің көмегімен жыл басынан бері 563 мыңнан астам құқықбұзушылық тіркеліп, нәтижесінде 7 миллиард 888 миллион теңге көлемінде айыппұл салынған. Мұндай технологиялар жолдағы



— Аудит жүргізу барысында жіберілген бұзушылықтар бойынша 54 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке және 155 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, бюджетке жалпы сомасы 16,8 млн теңге айыппұл түсті, — деді ол.

Облыс бойынша тексеру комиссиясының мүшесі мемлекеттік аудит нәтижесінде процестік шешім қабылдау мақсатында 1 материал құқық қорғау органдарына және 2 материал прокуратураға жолданғанын айтты.

— Сондай-ақ бұрын берілген аудит материалдарына сәйкес, 2025 жылғы 23 шілдедегі сот үкімі негізінде 4 адам кінәлі деп танылып, әртүрлі мерзімге бас бостандығынан айырылды. Бұл — былтыр Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасында анықталған бұзушылықтар бо-

коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифинг барысында Алматы облысы Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Еркебұлан Ахметов мәлімдеді.

Биылғы жылдың он айының қорытындысы бойынша, Алматы облысында 3 020 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Бұл көрсеткіш — былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 22,3 пайызға жоғары. Апаттардың салдарынан 304 адам көз жұмып, 4 539 тұрғын әртүрлі дәрежедегі жарақат алған. Ал былтыр бұл сан сәйкес кезеңде 296 адам қайтыс болып, 3 392 адам дене жарақатын алған болатын. Еркебұлан Ахметовтің айтуынша, жол апаттарының негізгі себептерінің бірі — жүргізушілердің жол қозғалысы ережесін сақтамауы. Осы олқылықтың алдын алу мақ-

тәртіпті күшейтіп, жүргізушілердің жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Бұдан бөлек, патрульдік полиция қызметкерлері жол қозғалысын бақылау мақсатында 21 жылжымалы бақылау кешенін пайдаланып келеді. Оның ішінде, 11 кешен жасырын режимде жұмыс істеп, ереже бұзушылықтарды автоматты түрде тіркейді. Сондай-ақ, қарсы бағытқа шығу сияқты өрескел бұзушылықтарды анықтауға мүмкіндік беретін заманауи дрон құрылғылары да іске қосылған.

Сондай-ақ, Әкімшілік полиция басқарма бастығының орынбасары автокөлік жолдары мен жол құрылғыларын күтіп ұстау талаптарын орындамағаны үшін жол мекемелерінен 350 жауапты тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылғанын атап өтті. Оларға 22 млн теңге айыппұл салынған.

**«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» АТТЫ
ФОТОКӨРМЕ ӨТТІ**

Алматы облысында полиция қызметкерлері жас ұрпақтың заңға, құқықтық тәртіпке және полицей мамандығына деген құрметін қалыптастыру мақсатында «Заң мен тәртіп» атты фотокөрме ұйымдастырды. Көрмеге «Жас сақшы» әскери-патриоттық сыныптарының оқушылары шақырылды. Оқушыларға экскурсия ұйымдастырылып, Қазақстан Республикасының қалыптасу кезеңдері мен ішкі істер органдарының даму тарихын бейнелейтін ерекше архивтік фотосуреттер көрсетілді. Сонымен қатар көрме барысында қазіргі кезеңдегі полиция қызметінің негізгі бағыттарына және ішкі істер органдары қызметкерлерінің қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау ісіндегі еңбегіне ерекше назар аударылды.

Экспозиция бірнеше тақырыптық бөлімге бөлінген, әр бөлім еліміздің тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан бүгінге дейінгі тарихи кезеңдерді қамтиды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, осындай көрмелерді облыстың басқа да аудандарында өткізу жоспарлануда. Бұл бастама жастардың қазақстандық полиция тарихымен және дәстүрлерімен жақынырақ танысуына мүмкіндік береді. «Заң мен тәртіп» фотокөрмесі мәдени шарға ғана емес, сонымен бірге патриотизм мен полиция мамандығына деген құрметті нығайтуға бағытталған тәрбиелік жұмыстың маңызды бөлігі болды. Бұл фотокөрме — жастарды құқық қорғау саласының мәні мен жауапкершілігіне жақындатудың тиімді жолы. Мұндай іс-шаралар жас буынның кәсіби бағдарын кенейтіп, қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздіктің маңызын терең түсінуге ықпал етеді.

Облыста қауіпсіз орта қалыптастыру ісі жаңа мазмұнмен жалғасып келеді. Соңғы айларда өңірде жол мәдениетін реттеу, жастар арасында жауапты мінез-құлық қалыптастыру және мемлекеттік құрылымдардың жұмысына деген сенімді арттыру бағытында нақты қадамдар жасалды. Қоғамдық қауіпсіздіктің әр саласын қамтитын бұл бастамалар өңірдің басқару жүйесінде алдын алу мәдениетінің күшейгенін көрсетеді.

«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Дүбеніров

«Күле білу — өмір,
күлдіре білу — өнер,
күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжахметұлы

АРА



№ 171

8.11.2025ж

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы



АСПАННАН «АТАҚ» ЖАУДЫ

— Бүгін күн бұлттанып тұр. Қар жауатын шығар, — деп шешем үйге сөйлеп кірді.

— Қыстың сәні қар емес пе? — дейді біздің әйел күнкілдеп.

— Алақай, алақай, қар жауса, аққала жасаймыз! — деп балалар қуанды. Осы сәтте теледидардан Тәуелсіздік күніне арналған марапаттау жүріп жатыр еді. Көріп жатып көзім ілініп кетті.

— Ойбай, үйдің шатыры тарсылдап жатыр — деген қатты дауыс шықты. Бастапқыда далада қар емес, бұршақ жауған болар деп ойладық. Әйтеуір, тарсылы қатты. Жүгіріп сыртқа шықтық. О, тоба өз көзіме өзім сенбей тұрмын, көктен бұршақ емес, домалақ-домалақ ордендер мен медальдар жауып тұр. Біздің әйелдің есі шығып кете жаздады. Бағана теледидардан марапаттарды көріп, «шіркін, біреуін мен омырауыма жарқыратып қадап алсам ғой» деген еді. Әйел мектепте отыз жыл бойы еден жауды. Аспаннан атақтың түр-түрі домалап түсіп жатыр. Ақыры ол іздеп жүріп «Еңбегі сіңген еден жуушы» төсбелгісін тауып алды. Ауызы ыржиып маз болды. Шешем «Үздік зейнеткер» орденін омырауына жапсырып үндемей тұр. Сүйтсем, ауылдың бәрі көшеде атақ теріп жүр. Ауыл әкімі Талтаңбай бір шелек атақты салып алып тұра қашты. Күнде араққа тойып жүретін Қопан «Маскүнемдер саласының үздігі» төсбелгісін жарқыратып тағып алыпты. Банктен несие алып, қарызға белшесінен батқан Қауғабай «үшінші дәрежелі борышкер» орденін төсіне тағыпты. «Ауылдың алаяғы» төсбелгісіне бірнеше адам таласып қалды. Полиция капитаны Аяған Сабағанов «Ұр, Токпақ» жүлдесін құшақтап тұр. Әркім өзі қалаған марапатқа қолы жетіп, атаққа қарық болды. Ал мен былтыр комиссия отырысында қаралған Жазушылар одағының төсбелгісін іздеп жүрмін. Талдың түбінде жатыр екен, енді еңкейіп ала бергенде, бір таныс ақын жігіт іліп әкетті. Тұра қудым.

— Алақай, қар жауды, қар жауды! — деп айқайлаған баламның даусынан ұйқыдан оянып кеттім. Тәп-тәуір түс көріп жатыр екенмін. Қап, төсбелгімнің қолыма ілікпегеніне жыным келді. Ашуланып, ұлыма «неге ояттың?» деп айқайлап, шекесінен сарт еткіздім.

Нұрлыбек ЖҮБАТҚАН



ТАСҚА АЙНАЛҒАН АУЫЛ



Қой баққан адамды қолына таяқ ұстатып жайдақ аттың үстіне отырғызу керек, — деді көпті көрген Қауғабай шал. Халық қол шапалақтады. Залда отырған бір әйел айқайлады. Есімі — Майқұйған.

— Бұл Қойлыбай немене қойды жалғыз өзі бағып па? Әйелі марқұм Шайқұйған менің туған сіңлім, оған да ескерткіш орнату керек, — деді. Халық тағы қол соқты. Әкім бас сәулетшіге қарады.

— Иә, сіз орынды айттыңыз, Шайқұйған жеңгемізді де жобаға кіргіземіз. Ол кісі өрістен келе жатқан Қойлыбай ағамызды шоқ самаурынға шай кайнатып күтіп тұрады. Тамаша безендірілген сәулет өнері болайын деп тұр, — деп бас сәулетші мақтанды.

— Айналайындар, бастамаларың дұрыс екен, бірақ Қойлыбай атақты шопан болғанымен, қойды баққан мына мен, оған отыз жыл жәрдемші болдым, — деді сексенді алқымдаған бір қаусаған шал.

— Ата, тірі жанға ескерткіш қойылмайды, жаңа айттым ғой, — деп Жыршығұл шаңқ етті.

— Қарағым, онда тұрған не бар? Кеудемде жаным бар кезде тас мүсінімді көріп кету арман болып тұр...

Әлгі қария көзіне жас алды.

— Өте дұрыс, еңбек еткен адамды бағалау керек. Бізде әділдік жоқ, — деген дауыстар жамырай жөнелді. Жәрдемші бірауыздан жобаға кірді. Тағы біреу тыныштықты бұзды. Алпысқа келсе де арақтан аузы құрғамайтын Советбай сахнаға шықты. Әдетінше қызыңқырап алыпты.

— Әкім бала, Қойлыбай ағамның аруағы риза болсын, бірақ мына мен қыста трактормен жем-шөп тасымағанда, оның қойлары аштан қырылатын еді. Маған неге ескерткіш қоймайсындар? Токалдан туғаным жоқ.

— Бұйырса, болашақта ескереміз, — деді әкім.

— Қайдағы болашақ? Давай, жобаға қазір қос, — деп дау шығарды. Оған әйелі Шапанай қосылды. Ғимаратты басына көтерді. Шиеленіс әрі қарай ушығып кетпес үшін Советбай тізімге қосылды. Трактормен шөп тасып жүрген кезі үш метр тасқа қашалатын болды. Бұдан кейін ұлы айқай басталды. Ақыр аяғында ауылға Қойлыбай шопанның ұл-қыздары мен құда-жекжаттарына да бір-бір ескерткіш орнатылатын болды. Бас сәулетшінің басы қатты. Әкім жобаға соншама қаражатты қайдан табу керек екенін ойлап отыр. Сөзді ауылдағы ақсақалдар ұйымының төрағасы Кетшібай алды.

— Әкім мырза, сіз осы ауылға көп еңбек сіңірдіңіз. Мына ұлы жоба өте керемет болайын деп тұр. Тек бір тамаша тұлғаның ескерткіші жетіспейді.

— Ол кім? — деді бас сәулетші абдырап.

— Талтаңбай Салпаңбаев.

Залда отырғандар «Бәрекелді, табылған ақыл» деп Кетшібайдың сөзін әрі қарай іліп әкетті. Талтаңбайды жеті атасына дейін жеткізіп мақтады. Әкім жобаға енді.

Нұрлыбек ЖҮБАТҚАН

Қыркымбай Қойбағаров жылт еткен жаңалықтан тыс қалмайтын қырағы топтан еді. Ғасыр көшінен, замана ағымынан қалсын ба? Міне, бүгін жасанды интеллект дамыған кезеңде РОБОТ-АДАМ сатып алды. Ежелгі ертегілерде ЖЫН деген кейіпкер болушы еді. Мынау сол Жыннан бір мысқал да кем емес екен. Қандай тапсырмаңыз болса да көзді ашып-жұмғанша орындап тастайды.

Робот-Адам күнделікті тамақ ішетін, жүріп-тұратын, ұрысатын, жұлысатын, жакпай қалсаңыз, арқасы құрысатын, ұрса қалсаңыз, маңдайы тырысатын, жанторығыңыз қасыңызда жоқ кезде шүйіркелесетін кәдімгі пенденізден аумайды-ау, аумайды. Енді ұлы сөзде ұят жоқ, аялыңыз алысқа кетсе, жұбайлық міндетті де орындаудан қымсынбайтын секілді.

Бұл өзі «іздегенге сұраған» тамаша көмекші болды. Қыркымбай қыңырлығы ұстаса, көмекшісіне шай алдырып, тамақ істетіп қояды. Үй жинауға, аула сыпыруға да жегетіні бар.

Газет-журналдарда хабар-ошарлары шығып, аудан көлемінде тілші ретінде танылып қалған Қыркымбай Қойбағаров мақаладан жерініп, ауызын айға білеп, құлаш-құлаш әңгіме, повесть, роман жазуды да бастап жүрген. Алғашқыда іштен шыққан шұбар жыландарын әдеби басылымдарға аттандырғанымен, тырс еткен жауап болмады. «Жібергендерім қаңғып басқа жерлерге кетіп қалды ма екен?» деп көкірегіне күдік ұялаған ол қолына сойыл алып, аттандап соңына түсіп көріп еді, жоқ, хаттары аттай шауыпты, керек жерді адаспай тауыпты. Ендеше, іркіліс неден?

Атшаптырым бөлмеде бұйра-бас біреу отыр екен. Езуінде темекі. Бөлменің іші көк түтін. «Бұл өзі түлкі ініне түтін жіберетін мекеме емес пе екен?» деп күдіктене кірген Қыркымбайға бөлме иесі көз қырын да салған жоқ.

— Ассалаумаалейкум! — деп Қыркымбай қос қолын ала жүгірді.


— Кімсің? Қай баласың?

Бөлме иесінің көзі шапыраштанып кетіпті. Қыркымбайдың іші солқ етті.

— Ауылдан келдім. Қыркымбай Қойбағаров деген жергілікті жазушыңыз мен боламын.

Жазушы дегенді естіген соң ба, бөлме иесі басын көтеріп, бұған барлай қарады. Көңілі толмады ма, енжар қарап состиып ұзақ отырды.

— Сіздерге бір әңгіме жіберіп едім. Соның хабарын білейін деп келіп тұрған бетім, — деп Қойбағар жөн айта бастады.



— Мына іргеде тамаша мейрамхана бар. Қалған әңгімені сонда жалғастырсақ қайтесің?

Қыркымбайға да керегі осы еді. Бүлкілдеп ағасының алдына түсті. Мейрамханада талғамай анау-мынау ішті. Ол өзің Аркарбай атаған ағасын таксимен үйіне жеткізіп салды.

Содан бері Аркарбай ағасына күн құрғатпай келіп тұрады. Әр келгенде ауылдан сәлемдеме алып келуді де ұмытпайды. Ана бір жолы соғым әкеліп тастады. Сол күннен Қыркымбайдың ісі алға бастады. Бір бөлімді ұршықтай шыр айналдырып отырған ағасының арқасында түңғыш әңгімесі газетке басылып шықты. «Сак-құлақтың сазаы» атты осы әңгімесін оқығанда Қыркымбайдың өзі «шұбар жыланын» танымай қалды.

Арада екі-үш жыл өткенде болашағынан үлкен үміт күттіретін Қыркымбай Қойбағаровтың тұңғыш жинағы облыс орталығындағы баспахана-лардың бірінен жарық көрді. Осыдан соң Қыреккен газет, журнал адақтамай-ақ жазған дүниелерін қаттап, баспахана-лардан шықпайтын болды. Кітаптарының редакторы да өзі. Корректоры да өзі. Демеушілер ғана өзгеріп тұрды.

«Дәніккен қарсақ құйрығымен ін қазады». Әдеби сыйлық дегеннің бар екенін білген ол енді анау-мынау емес, биік астауларға ұмтылуды шығарды. Кімді жағалайды, кімді ағалайды, өзі біледі, аудандық, облыстық байқауларда қанжығасын майлап келеді. Түрлі кездесу ұйымдастырып, өзінің бүгінгі заманның заңғар жазушысы екенін танытып бақты. Қыза келе бір күні кездесуін түрмеде де жалғастырды.

Дегенмен қатардағы сыйлықтарды баудай түсіргенімен, жоғарыдағыға қолы жетпеді. Бір әдеби жыл қорытындысында кітаптары сынға ұшырап, сүріне жаздады.

Осылай әрі-сәрі күйде жүргенде кітап жазып беретін жасанды интеллект дегенді есітіп, барын сатып, арын сатып жүріп, оған да қол жеткізген беті осы.

— Жайдарлым, — деді бір күні ол робот-адамға адамша тіл қатып, — енді маған бір кітап жазып бересің. Өзі дүниежүзінде ешкім оқымаған әйдік шығарма болсын, — деді ол көмекшісіне.

Қыркымбай ұйықтап жатқан адамның қандай түс көріп жатқанын білетін сүркияның нақ өзі еді. Бұл жолы «құласам нардан құлайын» деп анау-мынау емес, Нобель сыйлығын алғысы келді.

— Идея айтыңыз, — деді Жайдарлы.

Айтпақшы, Қыркымбай осы Жайдарлы деген атты «жасанды интеллект» сөзінен індетіп тапқан болатын.

Қыркымбай қырық жыл бойы жаза алмай жүрген романын ежіктеп отырып, бір апта бойы айтып берді. Жайдарлы жылы жымыып жазу үстеліне отырды. Қыркымбай көмекшісінің ас-суын, жо-жок, өлшеулі тоғын беріп, есікті сыртынан құлыптап, сыраханаға тартты.

Бір аптадан соң келсе роман дайын екен. Қыркымбай баяғыда өліп, сүйегі курап кеткен әкесі тіріліп келгендей қуанды. Жайдарлының қолынан парактарды жұлып алып, оки бастады.

«Қыркымбай! Сіз қырт адамыз. Атақты жазушы болғыңыз келеді. Бірақ бойыңызда талант та, талап та жоқ. Бос әурешілік. Мақтаншақсыз. Данкқұмарсыз. Өтірікшісіз. Жағымпазсыз» деп басталған «роман» тапсырыс иесінің барлық кем-кетігін жіпке тізгендей жазып келіпті де «Есіңді жи, Қыркымбай!» деп аяқтапты.

Нобель сыйлығын алуға дайындалып жүрген Қыркымбай сол күні ауруханаға түсті...

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

ЭКСПЕРИМЕНТ

Құрдасым Қопаштың үйінде жарық әлі жанып тұр. Шамасы, әйелі мазасы кетіп қожайынын күтіп жүр. Карантин басталғалы ол жем жеген сиырдай оңалып қалды. Мұғалім. Есімі — Шапанай. Мектепке бармайды. Үйде отырып бала оқытады. Қопашты күтіп бөлмесінде ұялы телефонын шұқып отыр. Бір жарнамаға көзі түсті. Былай жазыпты:

— Елудегі семіз әйелімді 25 жасар екі қызға айырбастаймын, — депті.

Құрдасымның бөшкедей қатыны көзі адырайып қызғанып кетті.

— Тапқан екен ақымақты, — деп ежіктеп келесі жарнаманы оқыды.

— Мемлекеттік мекемеде қызмет ететін сүмек күйеуімді ақшасы көп мұнай-газ саласында жұмыс істейтін еркекке айырбастаймын...

Мырс етіп күліп жіберді.

— Менің сүмелегім ешкімге жағет емес пе екен? Бірақ оның Құдайға да керегі жоқ, — дейді. Күйеуінің жұмыстан кешігіп жатқанына жыны қозып тұр. Мына бір жарнама тіпті қызық екен.

— Ағылшын ғалымдары былай эксперимент жасапты. Егер күйеуің үнемі түнделетіп кешігіп келетін болса, бес минут бетіне бедірейіп үндемей қарап отырсаң еркегіңді тереңірек танысың, — депті. Шапанай ернін шығарды. Қайта оқып шықты.

— Сонда қалай, 25 жыл отасқан байымды мен білмей жүр ме екем? Ол терең емес, тайыз. Кейде ғалымдар да оттайды, — деді. Ал егер рас болса ше? Дегенмен Шапанай бұл тәжірибені жасап көргісі келіп ойланып қалды. Тап осы сәтте құрдасым қалбалақтап үйге кіріп келді. Мен білетін Қопаш ауылда жүргенде, өте жуас еді. Артық сөз айтпайды. Досқа адал жан. Әйелі сағатына бір қарады да, сазарып, оқтау жұтқандай үнсіз отырып алды.

— Бәйбіше, тамақ дайын ба? Асказаным аш иттей ұлып тұр. Бүгін жұмыстан кеш шықтым. Басекен пәтуасы жоқ жиналыс жасады, — деп кінәсін жуып-шайып жатыр. Шапанай үндемейді. Эксперимент жасап отыр.

— Саған не болды? Күнде жарқылдап аузыңа тыным жоқ еді. Ұртына топырақ толтырып алдың ба? Ааа, мені ішіп келді деп ойлап отырсың ба? Енді шаршағанымды басу үшін Мадиярмен сыраханаға барып бір стакан сыра тартып жібердім... Жарайды, үшеу. Шынымды айтсам, бес стакан іштім. Одан әрі мен көтере алмаймын. Мас болып қаламын. Қалтамда он мың теңге қалды. Міне, ала ғой, — деп әйеліне берді. Шапанай тілін жұтып қойғандай міз бақпайды. Көзінің қиығымен қол сағатына қарады.

— Япыр-ау, саған не болды? Ауырып қалған жоқсың ба? Әлде менің шұлығыма тығып жүрген ақшаларымды тауып алдың ба? Енді оны анда-санда құрдастармен карта ойнағанда керек болар деп салып қойғанмын... Сен сарайда қорапта тұрған 30 мың теңгені де тауып алдың

ба? Оны сенің туған күніне жинап жүрмін. Рас айтамын, — деп қасына барды. Әйелі ала көзімен бір қарады.

— Менің кредит алғанымды да білесің бе? Оны өзіме емес, жұмыстасым Гүлзияға алып бердім. Екі баласы бар. Күйеуі жоқ. Бірақ ол өзі төлейді. Мен тек несиеден бір-ақ рет жаптым. Осының бәрін қайдан білесің? Әлде біреу айтты ма? Сен не, бәрін біліп қойдың ба? Алмағұлді де білесің бе? Онымен бір рет кездестім. Жоқ, өтірік айтамын бір ай. Оған жалғыз мен емес, құрдасым Амандос та барды. Ой, жұрттың бәрі барып жүр, — деп сасқалақтап қалды. Мына сөзді естігенде Шапанайдың көзі шарасынан шығып кете жаздады. Үндемей әрең отыр. Эксперимент біткен жоқ. Әлі екі-үш минут бар. Аяғына дейін шыдау керек.

— Саған оны кім айтты? Ааа, білдім. Жәкөтай екен ғой. Оның аузында сөз тұрмайды. Шапанай, оған сенбе. Нағыз онбаған, тура өсекшінің өзі. Қап, Жәкөтайға бекер сыр аштым... Сен бәрін біледі екенсің, ендеше осының бәріне өзін кінәлісің. Мен еркекпін. Анда-санда бізді еркелетуге болады ғой. Үнемі қабағыңнан қар жауып жүреді. Анау базарда азық-түлік сататын Байгүлдің үйіне кірсең, шыққын келмейді, — деді де аузын қолымен басып тұрып қалды. Ет қызумен сөздің көмейінен қалай шығып кеткенін білмей қалды. Бұл кезде әйелінің көзі ұясынан шыққысы келіп домаланып тұр. Беті жыбырлай бастады.

— Сен сонда бұл туралы да білесің бе? Байгүлдің үйіне баяғыда Зухрамен таныспай тұрғанда бір рет барып шай іштім. Арамызда ештеңе болған жоқ. Ал Зухра, — дей бергенде Шапанайдың жан дауысын шыққысы келіп домаланып тұр. Беті жыбырлай бастады.

— Токтат, тура бес минут болды.

— Қандай бес минут? — деп Қопаш түк түсінбей тұр.

— Манадан бері саған эксперимент жасадым. Ағылшын ғалымдарына басымды иемін. Ал сен алдыма түс, осыншама жыл өтсе де сені танымай жүрген екенмін. Кім екенінді тап қазір мойында...

— Бәрін өзін біліп тұрсың ғой? Не айтамын?

— Енді бес минут отырғанда не болар еді? Танертен шешенді шақыр, ажырасамыз, — деді әйелі түкірігіне шашалып.

— Шапанай, ашуынды бас, бүгін қандай күн?

— Сейсенбі. Ертен жұма.

— Жоқ.

— Бірінші сәуір.

— Ендеше мен сені үндемей отырған соң әдейі алдадым, — деді.

— Туу, рас па? Уф, бәсе, шошып кеттім. Айтпақшы, бүгін Алдар көсенін туған күні екен ғой. Жүрші, ыстық-ыстық қою сүт қосылған шай берейін, — деп Шапанай күйеуін қолтықтап ас бөлмеге кетті.

Бірақ, шын мәнінде, ағылшындық эксперимент жасалды ма, әлде Қопаш алдады ма, ол жұмбақ...

Н. ЖУБАТҚАН

